

СОЛТҮСТІК ЖҰЛДЫЗЫ

Жұма
8 мамыр
2014 ж.
№ 18 (264)



Газет 2008 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

E-mail: skozhuldyz@mail.ru

Еуразиялық одақ идеясынан – еуразиялық интеграцияның жаңа перспективаларына



Құрметті кездесуге қатысушылар!

Мен университет ұжымын соңғы онжылдықтарда ММУ-де жүзеге асқан орасан өзгерістермен құттықтаймын. Мені университеттің құрметті профессоры ретінде сіздердің ғылыми жеңістеріңіз, әлемдік ғылым мен білім берудегі шептеріңізді нығайтқандарыңыз қуантады. Мен осыдан 14 жыл бұрын Владимир Путин Астанада М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің филиалын ашу туралы идеямды қолдағанына терең қанағат сезімдемін.

Осы жылы Астанадағы филиал өзінің мыңыншы тәлімгеріне диплом тапсырып үлгереді. Бұл – айтулы оқиға! Бүгінде ММУ дипломы бар мамандар Қазақстанның экономикасында, ғылымында және басқа да бағыттарда табысты жұмыс істеп жүр. Сондықтан ММУ-дің қазақстандық филиалының қалыптасуына қатысқандардың бәріне ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты достар!

Жиырма жыл бұрын, ММУ қабырғасында мен алғаш рет жаңа интеграциялық бірлестік – Еуразиялық экономика-

лық одақ құру туралы идеяны ұсындым.

Оның тұжырымдамасы біздің елдеріміздің барлық азаматтарына бірдей жақын және түсінікті шындыққа негізделді. Ортақ тарих, өзара экономикалық тартымдылық, мәдениеттердің тығыз өзара байланысы мен адамдардың жақындасуға ұмтылысы біздің халықтарымызға көпқырлы мемлекетаралық байланыстардың жаңа үлгісін құруға мүмкіндік береді.

Мен Еуразиялық Одақ тек еркіндік, тең құқықтылық, өзара тиімділік қағидаттары мен әр қатысушы елдің праг-

матикалық мүмкіндіктерін есепке алғанда ғана мүмкін деген ұстанымда болып келдім және соның берік жақтаушысы болып қала беремін. Бұл бастама қазір Еуразиялық интеграция деп аталып жүрген жаңа тарихи үдеріс үшін қадам басар нүктеге айналды.

Біріншіден, сол уақыттағы ТМД-дағы көптеген саясаткерлер үшін түсініксіз және лайықты бағаланбаған менің идеям бүгін іскер топтарда және қоғамдық-гуманитарлық деңгейде кең қажеттілікке ие болды. Еуразиялық интеграцияны нәрлендіретін көптеген бірлескен алаңдар пайда болды және жемісті жұмыс істеп тұр. Бұл Еуразия Даму банкі, Еуразия Іскерлік кеңесі, Еуразиялық Медиа-форум, Еуразия университеттерінің ассоциациясы және тағы басқалар.

18 жыл бұрын Астанада біз алғаш ашқан нысандардың бірі Лев Николаевич Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті болды. Бүгінде бұл – Орталық Азиядағы жетекші ЖОО. Лев Николаевич Гумилев Ресей мемлекетінің еуразиялық жолының тағдыр-шештілігін алдын ала білген көреген орыс интеллектуалдарының бірі болып табылады. Бұған аса көрнекті ойшылдар К.Леонтьевтің, Д.Данилевский мен басқа да көптеген ғалымдардың еңбектері айғақ бола алады. Бұл туралы Ресейдің тарихы, географиясы, мәдениеті, экономикасы да айтады. Бүгінде «еуразиялық интеграция» түсінігі саясаткерлер, экономистер, журналистер мен қоғамдық орта белсенді пайдаланып жүрген бренд болып отыр.

Екіншіден, қазіргі заманғы еуразия-

лық бастама ешқашан шындықтан ашақ болмағанын ерекше атап көрсеткім келеді.

Бірінші кезекте, ол тәуелсіздік пен саяси егемендік интеграциялық үдеріске қатысушы барлық мемлекеттер үшін басымыздыққа ие екенін әркез есепке алып келді.

Сонымен бір мезгілде, оның мәні әуелден Қазақстанның, Ресейдің, Беларусьтің, сондай-ақ, Еуразия кеңістігіндегі басқа да елдердің қарапайым азаматтарының мүдделері туралы шыннайы қамқорлықта жатқан еді. 1998 жылы мен «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым жиырма қадам» бағдарламасын ұсындым. Осы жылдар ішінде оның барлық негізгі ережелері іс жүзінде орындалды.

Кеден одағы мемлекеттері арасындағы бірлескен шекаралар біздің елдеріміздің азаматтары кедергісіз кесіп өту үшін, жүктер мен тауарлар, валюта қаржыларын алып өту үшін мөлдір болды. 2009 жылдан бері Қазақстанның Еуразиялық экономикалық кеңістік және Кеден одағы еріпестерімен тауар айналымы 88 пайызға артып, 24,2 миллиард долларға жетті. Біздің Ресей мен Беларуське экспорттымыз 63 пайызға өсті, оның ішінде өңделген тауарларды шығару 2 есеге ұлғайды. Біз ресейлік және беларусьтік компаниялармен бірлескен кәсіпорындар ашудамыз. Біздің елдерімізде жоғары, орта және кәсіптік білім туралы дипломдарды өзара тану туралы келісім жұмыс істейді.

(жалғасы 2-бетте)

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Мемлекеттік мереке – Отан қорғаушы күні құтты болсын! Бұл күн, шынында да, ержүректіктің, батылдық пен отаншылдықтың бейнесі болып табылады. Бүгін біз мемлекетіміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын лайықты қамтамасыз ете отырып, өз өмірлерін оңайға соқпайтын әскери қызметке арнаған адамдарға құрмет көрсетеміз.

Мемлекет басшысы – Жоғарғы Бас қолбасшы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен еліміздің Қарулы Күштері бүгінгі таңда жауынгерлік өзіндік, жаратану мен ұтқырлықтың жоғары деңгейіне қол жеткізіп отыр. Қазақстан халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеудің және өңірлік ынтымақтастықты нығайтудың белсенді бастамашысы ретінде танылып, әлемдегі ядролық соғысқа қарсы қозғалысты басқара отырып, жаһандық қарусыздану жолында алдыңғы қатарда келеді. Бүгінгі таңда Қарулы Күштер қатарында қызмет ету әрбір қазақстандықтың құрметті парызына, аға ұрпақтың қаһар-

мандық және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген ерліктің қуатты адамгершілік мектебіне айналды. Солтүстік Қазақстан облысында жыл сайын бір мыңнан астам өрен мерзімнен тыс әскери қызмет атқаруға шақырылады. Бұл күні біз шынайы отаншылдықтың, адалдықтың және Отанға қалтқысыз қызмет етудің өнегесі болып табылатын Ұлы Отан соғысының және жергілікті ұрыс қимылдарының ардагерлеріне алғыс пен ілтипатқа толы, ең жылы лебіздерімізді білдіреміз. Бүгінгі таңда өткен соғыс қаһармандарының немерелері мен шөберелері еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, өз отандастарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлестерін қоса отырып, олардың істерін лайықты түрде жалғастыруда. Отан қорғаушылардың баршасына мықты денсаулық, амандық-саулық және табыс тілеймін! Ержүрек те батыл адамдардың бұл мерекесі әрқашан бейбіт өрі қуанышты бола берсін!

Самат ЕСКЕНДІРОВ,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Құрметті мамлюттiктер!

Сіздерді шын жүректен Отан қорғаушы күнімен құттықтаймын! Бұл мереке қайсарлықтың, беріктіктің, Отан сүйіштіктің белгісі. Бұл мереке туған жерді, тәуелсіз мемлекетті сақтап қалған, ел қорғанысын бекітуге өз үлестерін қосқан Отан қорғаушыларды біріктіреді.

Барлық уақытта әскер елдің ұлттық қауіпсіздігінің, азаматтардың тыныштығы мен берекесінің, мемлекеттің әлемдегі беделінің көпірі болып қалады. 1992 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қарулы Күштерді құру туралы Жалпықа қол қойды. Сол уақыттан бастап біздің әскеріміз дамып, нығайып, жыл сайын қуатын бекітуде. Бүгінгі күні Қазақстанның Қарулы Күштері – біздің тәуелсіздігіміздің жетістіктерінің мықты қорғанысы. Әскери дайындықты, әскери қызмешілерді, соғыс ардагерлерін, әскери іс-қимылдарға қатысушыларды әлеуметтік

қорғауға бағытталған мемлекеттің және қоғамның ортақ күштері әлеуметтік - экономикалық нық дамуға, азаматтарымыздың бейбітшілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы мереке күні Қарулы Күштер қатарында борышын өтеп жүргендерге, өзінің қызметтік борышын атқаруда, денсаулығы мен өмірін Отанды қорғаумен байланыстырған адамдарға шын жүректен алғыс білдіремін. Сіздердің туғандарыңызға және жақындарыңызға алғыс білдіремін. Олар Отанды қорғап жүрген балаларын, жолдастарын, әкелерін мақтан тұта алады.

Құрметті жерлестер! Сіздерді Отан қорғаушы Күнімен және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 22 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге бейбіт өмір, Отанның игілігі жолында жаңа жетістіктер тілеймін!

В.БУБЕНКО

Мамлют ауданының әкімі

Қымбатты соғыс ардагерлері және тыл еңбеккерлері!

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 69 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

9 мамыр – шын мәніндегі бүкілхалықтық мереке, азаматтық бірліктің арқасында фашистік басқыншылықты мәңгілікке тоқтатып, қатал сын болған және орны толмас шығын әкелген алапат соғыста беріспей қарсы тұрғандардың жауынгерлік пен еңбектегі ерлігін еске алу күні. Қазақстан сол бір сурапыл жылдары елдің орасан зор жұмылдырушы орталығына айналды. Ондаған қазақстандық дивизиялар, бригадалар мен жеке бөлімдер барлық майдандарда шайқасты. Солтүстік Қазақстан облысының әрбір үшінші тұрғыны Отанды қорғау үшін әскер қатарына шақырылды. Олардың көбі жоғары наградалар мен медальдерге ие болды, 66 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры және Даңқ орденінің толық иегері атанды. Солтүстікқазақстандықтардан жасақталған 314-атқыштар дивизиясының әскери ғұмырнамасы аңызға айналды. Солтүстікқазақстандықтар қаһармандықпен шайқасып қана қойған жоқ, сонымен қатар тылда да аянбай еңбек етті. “Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!” ұраны қалалар мен ауылдарда қалғандар үшін өмірдің мәніне айналды. Соғыс жылдарында Петропавл осында көшірілген 20 зауыттың, фабриканың және құрылыс ұйымының жабдықтарын қабылдады. Әскери бұйымдар өндіру ісімен айналысқан Куйбышев, Калинин, Киров атындағы, “ЗИМ” және шағын литражды двигателдер зауыттары сияқты ірі қорғаныс кәсіпорындары пайдалануға берілді. Солтүстікқазақстандықтардың күшімен жылы киім-кешек тиепген 88 және азық-түлік артылған 14 вагон майданға жөнелтілді. Біздің облыста орна-

ласқан бірқатар әскери госпитальдарда Қызыл Армияның жаурақат алған солдаттары мен офицерлері емделді. Түрлі ұлт өкілдері қанды майданда иық тірестіре жүріп, Ұлы Жеңісті жақындатты. Нақ осы достық пен бірлік бізге бүгінге дейін жәрдемін тигізіп келеді. Ұлы Жеңіс болашаққа үмітті оятты, қаншама ұрпақтың бейбіт те жарқын тұрмысына қол жеткізді. Бүгінде Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен біз қуатты да көркейген Қазақстанды орнаттық, балаларымызды тәрбиелеп, өсіріп, бақытты болашақты құрудамыз. Аға ұрпақтың мұң-мұқтажын ұмытпау – біздің қасиетті парызымыз. Біздің облыста 334 Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегі тұрады. Олардың күнделікті тұрмысын лайықты қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға біздің мүмкіндігіміз толықтай жетеді.

Қымбатты жерлестер! Бүгінгі күні ұрыс алаңынан ораламаған 32 мың солтүстікқазақстандықты ерекше қайғырып еске аламыз. Олардың есімдері біздің және келер ұрпақтардың жүрегінде мәңгілік сақталады. Сіздердің өшпес Ерліктеріңіз біз үшін батырлықтың, жанқиярлықтың, қажымас қайраттың және берік рухтың үлгісі болып қала береді. Баршамыз үшін қасиетті осы мерекеде Сіздерге шын жүректен мықты денсаулық, рух сергектігін, амандық-саулық, ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін!

Мереке құтты болсын, қымбатты жерлестер! Ұлы Жеңіс күнімен!

Самат ЕСКЕНДІРОВ,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қымбатты ардагерлер мен тыл еңбеккерлері!

Ұлы мейрам – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл тәуелсіз Қазақстанның ең маңызды мемлекеттік мейрамдарының бірі және ол туралы естелік біздің көп ұлтты еліміздің ортақ тарихы болып қалыптасты.

Бүгін Қазақстан – қысқа мерзімде ТМД елдері арасында нарықтық және демократиялық өзгерістерді жүргізуде, халықтың әл-ауқатын көтеруде көшбасшы болып қалыптасқан тәуелсіз мемлекет. Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың данышпан және бірізді саясатының арқасында Қазақстан бейбітшіліктің, келісім мен тұрақтылықтың үлгісі болып табылады. Болашаққа деген жауапкершілікті мойындап, біздің өліміз ядролық қарудан бас тартты және бүгін жаһандық қарусыздандыру жолында алдыңғы қатарда тұр. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс халықтың бірлігінің, майдан мен тылдың бірлігінің, шайқас даласындағы көпшілік батырлықтың және халықтың еңбек ерлігінің арқасында қалыптасты. Ұлы Жеңіс келешекке үміт артты, бостандық және

теңдік, атақ және мәртебе, бейбітшілік және бақыт сияқты құндылықтардың жаңа түсінігін сезіндірді.

Құрметті жерлестер! Жеңімпаз халықтың қайсарлығы және батырлығы еліміз бен барлық адамгершілік тарихының өшпес беті болып қалады. Ардагерлерге, майдангерлерге, тыл еңбеккерлеріне, репрессия мен депортацияның ауыр-тпашылықтарын жазықсыз бастан көшіргендерге, соғыстан кейін елді қайта жаңғыртқандарға – басымызды иемсі! Бүгінгі біздің борышымыз – аға ұрпақтың қажеттіктері туралы ұмытпау, Ұлы Жеңіс тарихы өсіп келе жатқан ұрпақты, алдағы ұрпақта патриоттық, достастық және келісім сезімдеріне тәрбиелеуде барлық жағдайларды жасау. Сіздерге, құрметті ардагерлер болаттай мықты денсаулық, рухани сергектік, береке және жақсылық, ұзақ та бақытты ғұмыр, туыстарыңызға, жақындарыңызға бақыт тілеймін! Жеңіс күні мейрамы құтты болсын, құрметті мамлюттiктер!

В. БУБЕНКО

Мамлют ауданының әкімі

Еуразиялық одақ идеясынан – еуразиялық интеграцияның жаңа перспективаларына

Жыл сайын Қазақстанның, Ресейдің және Беларусьтің, сондай-ақ, басқа да бірқатар ТМД елдерінің ондаған мың азаматтары біздің мемлекеттеріміздің ЖОО-ларында оқуға, еңбекке орналасуға және жедел медициналық көмек алуға теңдей құқықтарды пайдаланады. Бір мемлекеттің азаматтарының басқа қатысушы елдің аумағында шағын және ортақ бизнес жүргізу үшін жағдайлар кеңейіп келеді. Еуразиялық интеграция мәдени-гуманитарлық байланыстарды, туризмді жемісті дамыту үшін көптеген басымдықтар береді. Осының барлығы миллиондаған адамдар үшін нақты тиімділік. Және бүгінде осының барлығы болмауы ықтимал екенін елестетудің өзі мүмкін емес.

Үшіншіден, еуразиялық бастама бүкіл ТМД кеңістігінде интеграциялық үдерістердің сипатын өзгертіп, серпінділік берді. Осылайша Ұжымды-қауіпсіздік туралы шарт ұйымы құрылды. 2000 жылы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық бекітілді. Тұтастай алғанда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қызметі мен оның құрылымдық буындары нақтырақ бола түсті.

Оның шеңберінде 40-қа жуық салалық мемлекетаралық органдар жұмыс істейді.

Төртіншіден, XX және XXI ғасырлардың тоғысында еуразиялық бастамасы халықаралық қатынастарға, оның ішінде оның алғашқы кезіндегі географиялық алаңынан тыс жерлерге де айтарлықтай аяқтал етті. Арқаулық еуразиялық қағидаттар Шанхай ынтымақтастық ұйымын құруда және қызметінде қолданылды. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесте де осындай прагматикалық негіздегі үдеріс 20 жылдан астам уақыттан бері табысты жүргізіліп келеді. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның Астана саммитінде мен Еуразиядағы қауіпсіздіктің ортақ құрлықтық тұғырнама-сын қалыптастыру бойынша жұмысты бастауды ұсындым.

Сенім, тең құқықтылық және өзара тиімділік қағидаттарына негізделген ол еуропалық және азиялық өлшемдерді қоса алған болар еді. Бұл ұстаным ЕҚЫҰ-ның «Қауіпсіздік қоғамдастығы жолында» деп аталған Астана декларациясында көрініс тапты. Бесіншіден, еуразиялық идеясы қазір, XXI ғасырдың екінші жартысындағы ортасында нақты геэкономикалық және геосаяси сұлбаға ие болып келеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес пен Еуразиялық экономикалық комиссия табысты жұмыс істеп тұр.

Қазақстан, Беларусь және Ресей Біртұтас Кеден кодексін қолданып, өздерінің макроэкономикалық саясаттары үйлестіріп отыр.

Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясының 20 жылдығында Астанада осы интеграциялық бірлестік құру туралы тарихи шартқа қол қойылуы жоғарыдағының нышандық мәні бар. Одақ жұмысына қатысуға бірқатар басқа да елдер қызығушылық танытып отыр. Еуразиялық интеграцияның экономикалық әлеуеті өте жоғары.

Тек қатысушы үш ел экономикасының жиынтық көлемі 2,2 триллион долларды құрайды. Үш ел шығарған өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1,5 триллион АҚШ долларына жуықтады. Жиынтық ІЖӨ-нің өсімі түріндегі интеграциялық тиімділіктің перспективасы 2030 жылға қарай шамамен 900 миллиард долларды құрай алады.

Осылайша, еуразиялық интеграция бізге келе жатқан Үшінші жаһандық индустриялық революция алдында ортақ стратегиялық басымдықты қамтамасыз етеді. Ол әлемдік құрылыс парадигмасының көпқырлылық жағына қарай ауысуы драмалық актісі жағдайында жүріп жатыр. Қазіргі жаһандық тұрақсыздық – бұл тек экономиканың ғана емес, сондай-ақ, халықаралық құқықтың, жаһандық саясаттың дағдарысы.

Олардың алдында G-8 және G-20 дәрменсіздік танытуда. Нақ сондықтан 2012 жылы мен G-GLOBAL бастамасын ілгерілеттім. Оған 160 ел интерактивті қатысуда. G-GLOBAL әлемнің XXI ғасырдағы іргелі қағидаттарын: эволюцияны; әділеттілікті, теңдікті, консенусты; жаһандық толеранттылық пен сенімді; жаһандық транспаренттілікті; конструктивті көпқырлылықты қамтиды.

Мен егер халықаралық құқықта, сыртқы саяси практикада, мемлекетаралық қатынастар тәсілінде түбегейлі өзгерістер жүретін болса, онда қазіргі жаһандық сын-қатерлер еңсерілетін болады деп есептеймін. Сондықтан, біздің G-GLOBAL қағидаттары туралы ұсыныстарымыз әлемдік қоғамдастыққа бүгінде қай кездегідей де пайдалы. Мен олардың әлемнің дамуына конструктивті сипат беруге қабілетті екеніне сенімдімін. Тұтастай алғанда, бүгін біз еуразиялық интеграциялық үдерістің орасан зор оқиғасы мен нақты нәтижелерін көріп отырмыз.

Интеграцияны одан әрі тереңдету – бұл тек жаңа мүмкіндіктер ғана емес, біздің мемлекеттеріміздің қазіргі және болашақ буын азаматтарының алдындағы

ортақ парызымыз.

Қымбатты достар!

Жиырма жыл бұрын мен Еуразиялық экономикалық одақ құруға апаратын интеграциялық үдерістердің ядросын нақ Қазақстан мен Ресей құрауы тиістігін айтқан болатынмын. XXI ғасырдың басында еуразиялық интеграциялық дамудың жаңа серпін алғанында Владимир Путиннің маңызды рөлін атап өту қажет. 2010 жылы оны Дмитрий Медведев қолдады.

Қазақстан мен Ресейдің қатынасы әркез әріптестіктің үлгі тұтар мысалы болып келді және болып қалып отыр. Өткен 2013 жыл біздің елдеріміз үшін серпінді жыл болды. Екатеринбургте XXI ғасырдағы ізгі көршілестік және одақтастық туралы ғаламат шартқа қол қойылды.

Бүгінде біздің елдеріміз сенімді негізде өзара іс-қимыл танытпайтын сала іс жүзінде жоқ. Өнеркәсіптік кооперация үдерісі, оның ішінде өңіраралық деңгейде де, жүріп жатыр. Энергетикалық әріптестік, ғарыш саласындағы ынтымақтастық табысты дамып келеді, мәдени-гуманитарлық саладағы өзара іс-қимыл кеңейе түсуде. Ресей – Қазақстанның аса ірі сауда әріптесі.

Өткен жылы біздің елдеріміздің арасындағы тауар айналымы 24 миллиард долларды құрады. Бұл – біздің қарым-қатынасымыздың барлық тарихындағы рекордты көрсеткіш. Ол көп жағдайда Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістіктің арқасында мүмкін болды. Жалпы, өткен жыл біздің экономикаларымыз үшін оңай жыл болған жоқ. Өткен жылдың соңында Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы екіжақты шарт жасалды. Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың біртұтас жүйесі жұмыс істейді. Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде біз Ресеймен халықаралық ұйымдар аясында тығыз өзара іс-қимыл танытудамыз. Сенім, тең құқықтылық, өзара тиімді ынтымақтастық пен одақтастық – бұл біз ұрпақтан-ұрпаққа әрі қарай да беруге міндетті болып табылатын қазақстандықтар мен ресейліктердің ортақ құндылықтары.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Әлем әлі де толықтай айыға қоймаған жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс планетаның түрлі аралдарының өңірлену үдерісін жеделдетті.

Ол Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Парсы шығанағы субөңірі мен араб-мұсылман әлемінде, Австралия мен Океанияда, Батыс Африкада жүріп жатыр. Біз мемлекетаралық экономикалық-қаржылық қатынастарда ортақ алгоритмдерге ие ірі өңірлік жүйелер қалай қалыптасуда екенін көріп отырмыз.

XXI ғасырда өңірлік интеграция түрлі жаһандық тәуекелдерге қарсы тұруда маңызды фактор болатыны айдан анық. Қазір, жалпыға ортақ жаһандану жағдайында, бұл – мемлекеттердің экономикалық және өркениетті дамуындағы, олардың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы түбегейлі мәселе.

Бүгін, Еуразиялық экономикалық одақ туралы айтқанда, сарапшылар мен саясаткерлердің бәзіреулері әлемдік қоғамдық пікірді Кеңес Одағының мифтік «реинкарнациясымен» қорқытады. Мұндай пікірлер шындықтан алыс жатыр және негізсіз деп есептеймін.

Біріншіден, бүгін кеңестік үлгі бойынша реинтеграция үшін, тіпті, институттық база да жоқ. Барлығы түп-тұқиянымен тарих қойнауына кеткен.

Екіншіден, посткеңестік кеңістік халықтары өздерінің жеке мемлекеттілігін құрды. Үшіншіден, меншіктің қазіргі жүйесі, біздің қоғамдарымыздың әлеуметтік құрылымы мен экономикалық қалпы кеңестік архикадан тым алысқа ұзап кетті.

Және мұнда біз Ресей және Беларусь басшылығымен бір пікірдеміз. Алайда, қазіргі дүниеде жүзеге асырылып жатқан бірнеше өңірлік интеграциялық жобалар бар екенін байқамау да қиын. Бірақ олардың бірде-бірі қалыптастырылып жатқан Еуразиялық экономикалық одақ сияқты біржақты бағалауларға ие емес.

Ашық айтайын, мұндай теріс бағалаулар мен, бір жағынан, Еуразиялық экономикалық одақ жаһандық экономикалық гравитацияда басқа орталықтарға айтарлықтай күшті бәсекелес болатындай әлеуетке ие деген қауіпті бүркемелеу әрекетін көремін.

Іс жүзінде, құқық тілімен айтқанда, өңгіме біздің жаңа интеграциялық бірлестігіміздің қалыптасу кезеңінде-ақ жаһандық ауқымдағы әділетсіз бәсеке әдіс-тәсілі туралы болып отыр. Нәтижесінде олар Еуропалық және Еуразиялық экономикалық одақтардың орасан зор жақындасу перспективалары туралы айтпайды? Бұл жерде пайда өркіміге де айқын.

Екінші жағынан, түрлі ақылға қонбайтын әңгімелер ағыны еуразиялық интеграцияның әлеуеті мен перспективаларын тек нақтылай түседі. Жиырма жыл бұрын, Еуразиялық Одақ жобасын ұсына отырып, мен экономикалық прагматика

оның табыстылығын айқындайтынын алдында ала болжаған едім.

Қашанда «Әуелі – экономика, сосын саясат» белгілі формуласының шынайы жақтаушысы болдым және болып қалып келемін. Бұл қағидат біздің еліміздің ішкі де, сыртқы да саясатына теңдей тарап, жалпыға ортақ сипатқа ие болып отыр. Мұндай қадам Қазақстан дамуының барлық саласында – экономикалық реформалардан халықаралық аренада әріптестермен прагматикалық қатынастар қалыптастыруға дейінгі экономикалық реформалардың дәйектілігін қамтамасыз етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің еліміз бұралаңсыз және түсініксіз қимылдарсыз, әлеуметтік сілкіністерсіз және ішкі жанжалдарсыз дамып келеді. Біз қашанда лайықты әріптес болып қалудамыз, флюгер секілді өзіміздің сыртқы саяси басымдықтарымызды ауыстырмаймыз.

Ашығын айтқанда, ТМД-ның көптеген елдеріне осындай кешенді саясат түзіп, осындай тұрақты дамуға қол жеткізу мүмкін болмады. Бүгін, бүкіл дүниежүзі Украина туралы айтып жатқанда, мен де бұл мәселені айналып өте алмаймын.

Сіздер менің Украинада оқығанымы, украин халқының тағдырына бей-жай қарай алмайтынымды білесіздер.

Мен осы елде болған сілкіністерді жүрегім қан жылай отырып қабылдаймын. Украина бұрынғы Одақта өзінің өнеркәсіптік әлеуеті, индустриялық базасы бойынша екінші болатын. Ол өз бетінше сенімді даму үшін басқа барлық республикаларға қарағанда алғашқы мүмкіндіктері айтарлықтай көп ел еді.

Алайда, тәуелсіздіктің екі он жылында бұл елде экономикамен және қарапайым адамдардың әл-ауқатымен айналысқан-дар аз болды, есесіне саясатпен көп әуестенді.

Қазіргі Украина дағдарысының басты себебін осыдан көремін. Біз бауырлас украин халқына тұрақтылықты, келісім мен бірлікті жедел қалпына келтіруді тілейміз. Қандай жағдайда да Украинаға біздің елдерімізбен сауда қатынасы тиімді. Мұны естен шығармау керек.

Мемлекеттің интеграцияға қатысуы ұлттық экономиканың индустриаландыру, адамдарды жұмыспен қамту, бизнесті дамытуға оңтайлы жағдай жасау үшін ынталандырушы қызметін атқаруы тиіс. Халықтардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін, бірінші кезекте, тиын-тебен үшін жатқұтқа емес, өз елінде адамдарға адал да әділетті еңбек ету үшін жаңа мүмкіндіктер беретін интеграция ғана табысты болады.

Экономика мен азаматтардың әл-ауқаты мәселелері Қазақстанның еуразиялық интеграцияға қатысуы тұрғысынан басымдылыққа ие. Біз болашақта Еуразиялық экономикалық одақтан еліміздің инновациялық серпінділігі мен жедел дамуы үшін орасан мүмкіндіктер көреміз.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстанда дамудың 2050 жылға дейінгі ұзақмерзімді жаңа стратегиясы жүзеге асырылып жатыр. Біз «Қазақстан-2030» Стратегиясын мерзімінен бұрын жүзеге асырдық және енді өз алдымызға жаңа – XXI ғасырдың ортасына қарай әлемдегі ең дамыған 30 елдің біріне айналу мақсатын қойдық. Біз бұл мақсатқа жалпы еуразиялық геэкономикалық кеңістіктің егемен және лайықты бөлігі ретінде қол жеткізбек ниеттеміз.

Біздің Еуразиялық экономикалық одақ бойынша әріптестерімізге жоғары меже – 2050 жылға қарай әлемдегі интеграциялық бірлестіктер көшбасшыларының алғашқы үштігіне ену мекесін қоюды ұсынамын. Бұл жерде Ресей экономикасының рөлі өте маңызды.

Сондықтан біздің бірлестіктің дамуы экономикалық прагматизм; теңдік пен жауапкершілік, дамудың эволюциялылығы мен Еуразиялық экономикалық одақтың ашықтығы қағидаттарында арқаулық алуы тиіс. Қазақстан жаңа биіктікке жолды жоғары қарқынмен бастайды.

Өткен жылы біз Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінде 50-ші елге айналдық. Бизнесті жүргізу жөнілдігі рейтингі бойынша біз 50-ші орын алдық және бұл көрсеткішті жақсартудамыз. 2013 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ІЖӨ 6 пайызға өсті.

Елдің жиынтық халықаралық резервтері қазірдің өзінде шамамен 100 миллиард долларды құрайды. Қазақстанда айқын жақырту міндеттері алға қойылып, жүзеге асырылуда. Бұл, ең алдымен, экономиканы үдемелі индустриаландыру. Оның шеңберінде 4 жылда 780 жаңа кәсіпорындар салынып, 250-ден астам өнімнің жаңа түрлерін игерілді.

Бүгінде әлемнің 111 елі қазақстандық кәсіпорындардың дайын өнімдерін сатып алуға. Біз жыл сайын, электр энергиясы, энергия үнемдеу және «жасыл технологиялар» саласындағы жобаларды қоса алғанда, жүздеген жаңа инновациялық кәсіпорындарды іске қосудамыз. Біз ТМД-да бірінші болып «Жасыл экономиканы» дамыту Стратегиясын қабылдадық. Бізде мұнай-газ шикізатын мұнай-

химиясы, туризм, терең өңдеу сияқты инновациялық кластерлер дамуда.

Қазақстанда бұрын ешқашан болмаған экономиканың жаңа салалары – автомобиль және авиақұрылыс, тепловоздар мен вагондар, Жер серігі, электроника және басқа да көптеген салаларға негіз қаланды. Азық-түлік өндірісінің өңірлік орталығы ретінде аграрлық сектор ырғақты дамуға.

2015 жылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің құрылысы аяқталады – бұл біздің аумақ арқылы өтетін және Ресей мен Беларусьте салынып жатқан 2700 шақырым. Өз көршілерімізбен бірге біз Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азияға, Иран мен Парсы шығанағы елдеріне шығатын жаңа темір жол магистральдарын салып, аяқтадық.

Бізге білім беру саласында маңызды өзгерістер жүзеге асуда. Бүкіл әлем бойынша жетекші университеттерде 20 мыңға жуық жас қазақстандықтар білім алуда. Озық халықаралық жоо-лардың 10 мың түлегі қазірдің өзінде біздің экономикада, мемлекеттің қызметте, өндірісте, мектептерде, жоо-лар мен ауруханаларда жұмыс істейді.

Астанада әлемдік деңгейдегі жаңа университет ашылды, барлық өңірлерде 20 интеллектуалдық мектептер салынды. Жүректі және басқа да органдарды ауыстыру жөнінен операциялар, дінге кіт жасушалармен емдеу және басқа да инновациялар қазақстандық медицинаның шыңдығына айналды. Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы артуда. Бұл осы салаларға елеулі мемлекеттік қаржыларды салудың арқасында мүмкін болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, мен ерқашанда «еуразиялықтар мектебі» ғылыми мұрасына, әсіресе, Лев Гумилевтің бірегей тарихи тұжырымдамасына ерекше құрметпен қарадым. Бұл бағыт бізге көптеген уақыттан озық идеялар қалдырды. XXI ғасырда оларды тереңдетіп оқу ерекше көкейкестілікке ие болуда. Бірақ жаппай жаһандану жағдайында өмір сүріп жатқан біз үшін ең құндысы сол, Гумилев еңбектері барлық халықтарға өзіміздің бірегей тарихи-мәдени қодымызды, және біздің бөріміздің еуразиялық өкенімізді мақтан тұтуға мүмкіндік береді!

Еуразиялық интеграция – ол бізге екі мыңжылдық белесінде тарихи прогрестің объективті қадамын ашқан ұлы мүмкіндік.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Еуразиялық Экономикалық Одақ идеясы қалың жұртшылықтың, соның ішінде ғылыми қоғамдастықтың қолдауымен нақтылы іс-қимылдардың егжей-тегжейлі бағдарламасына айналды. ЕурАзЭҚ, ТМД-ның көптеген елдерінің қатысуындағы еркін сауда аймағы, Қазақстан, Беларусь және Ресейдің Кеден одағы, Біртұтас экономикалық кеңістік – бұл біздің бірлескен жұмысымыздың дәйекті жемісі. XXI ғасырда біз қысқарған тарихи уақыт феноменінің куәсі болдық. Бұл бүкіл жаһанданған әлем бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлердің бірі. Еуразиялық интеграцияның көптеген нақты мәселелерін бізге мейлінше шектеулі мерзімдерде шешуге тура келеді.

Салыстыру үшін Еуропадағы интеграция үдерісінде, кеден одағын құруға – 11 жыл, ортақ рынок құру үшін – 34 жыл, экономикалық және валюталық одақ үшін 40 жыл қажет болды. Бірақ онда өзгеше тарихи жағдай, тәуекелдер мен сынқатерлердің басқадай жүйесі болды. Еуразиялық интеграцияда бүгінде ешқандай да «уақыт байлығы» жоқ.

Кеден одағы тек 2011 жылдан бастап қана жұмыс істей бастады. Бізге XXI ғасырдағы туындат қеле жатқан және бұлтартпас кең ауқымды технологиялық өзгерістер және өзге де сын-қатерлер салдары ретіндегі жаһандық экономиканың кейтноты жағдайында іс-қимыл жасауға тура келеді.

Еуразиялық одақтың, бүгінде Еуроодақ бастан көшіп отырғандай, әлемдік экономикадағы түрлі дағдарысты ахуалдармен бетпе-бет келуі мүмкін. Дағдарысты ахуалдар біздің экономикаларымызда да пайда болуы мүмкін. Украиналық жағдай – біз үшін жақсы уақыт емес. Біздің идеямыздың күйреуін қалайтындар да аз емес. Сондықтан Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімге қол қойғанда осы сын-қатерлерді барынша ескеруге тиіспіз.

Бұл факторлар біздің шешімдерімізде қандай да бір «бұлдыр сағым» көзқарастар туындатпауға тиіс емес. Өкінішке қарай, сараптамалық деңгейде алаңдатарлық «шыдамсыздықтар», ашық айтқанда, болашақ экономикалық одақты дағдылы қалыппен «тезірек қалқитұға» ұмтылушылық бар. Әрине, мазмұнға нұқсан келтіре отырып. Мен мұндай қарадүрсін көзқарастардың жақтаушысы емеспін.

Бәрі де геэкономикалық немесе геосаяси конъюнктуралардың жаңа өзгерістері жағдайында еріп кетуі мүмкін ақшақан түспен жарқылдаған ақшақар соғып жатпағанымызды түсінуі керек. Шынайылық үшін еске сала кетейін, ТМД-дағы жекелеген интеграциялық бірлестіктер туралы бұдан дейін де «жылдам ше-

шімдер» қабылданған болатын.

Бұрынырақта, сонау 90-шы жылдары, жалпы валюталық, кеден және экономикалық және басқа да кеңістіктер құру туралы түрлі форматтардағы келісімдерге қол қойылды. Солар қазір қайда? Олар кімнің есінде?

Олар тек тіпті, тарих оқулықтарында да көрініс таппаған табыссыз талпыныстар күйінде қалды. Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында біздің мұндай қателіктер мен бос ұрандатушылыққа құқымыз жоқ. Ашық айтайын, бүгінде кез келген асығыстық немесе жете ойласпаушылық оны іскер топтар мен миллиондаған адамдардың қолдауынан айыра отырып, интеграциялық үдерістердің түбіне жетуі мүмкін.

Қазақстанның экономикалық одақ құру туралы келіссөздер үдерісіндегі бірқатар қағидатты ұстанымдарының негізінде дәл осындай сенім жатыр. Биыл біз Еуразиялық экономикалық одақ туралы Келісімге қол қоюдың тарихи белесіне шығамыз. Сонымен бірге, бүгін одан арғы стратегиялық іс-қимылдарды кем дегенде 15-20 жыл ала белгілей отырып, көкіжекпен әрі көз тастаудың маңызы зор.

Ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақтың XXI ғасырдың бірінші жартысындағы басты миссиясының екі маңызды аспектіден тұратынын түсінудің маңызы зор.

Біріншіден, әлемдегі шешуші экономикалық макроөңірлердің бірі болу. Сарапшылардың есептеуінше, қазіргі жүзжылдықта «экономикалық тартылыстың» әлемдік орталығы Шығысқа, Азияға, соның ішінде, болашақ экономикалық одақтың аумағына қарай ауысады. Біз әлемнің ең ірі өндіруші массивтері – Еуроодақ пен Азия-Тынық мұхиты өңірі арасында орналасқанбыз. Бұл Шығыс пен Батыстың, Еуропа пен Азияның арасындағы геэкономикалық көпір ретінде бізге табиғи бәсекелестік артықшылығын береді. Сонымен бірге, бір аралдан екіншісіне тауарлар мен технологияларды беруде әншейін делдал болып қала алмаймыз.

Еуразиялық экономикалық одақ бірден трансұлттық бизнес үшін жаһандық инновациялар мен тартылыстардың жаңа орталығы ретінде құрылуы тиіс. Екіншіден, Еуразиялық интеграцияның маңызды құрамдас миссиясы әрбір қатысушы елдің әлемнің неғұрлым дамыған мемлекеттерінің қатарына енуін қамтамасыз етуінде.

Еуразиялық экономикалық одақ халықтар мен бүкіл ұлттық экономикалар үшін ауыртпалық емес, игілік болуы тиіс. Бізде еуразиялық интеграцияның халықтың әл-ауқатының, экономиканың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне тігізетін ықпалын өлшейтін индикаторлардың айқын жүйесі болуы керек. Тек осындай көзқарасты ұстана отырып қана, біз «еуразиялық таңдаудың» тартымдылығын қамтамасыз етіп, Еуразиялық экономикалық одақтың тағдыршешті мақсаттарына қатысты кез келген күмәнді біржолға теріске шығара аламыз.

Еуразиялық интеграцияның бүкіл үдерісі дәл осынау маңызды екі бірегей өркениетті миссияны шешуге функциялық және практикалық тұрғыда бағындырылуы тиіс. Тек осылай ғана еуразиялық интеграцияның үзіліссіз табысын және оның мақсаттары мен міндеттеріне деген жалпыға ортақ қоғамдық қолдауды қамтамасыз етуге болады. Менің пайымдауымша, Еуразиялық экономикалық одақтың таяудағы 15-20 жылдағы даму стратегиясында келесі басымдықтарды қарастырып қана қойыңыз.

БІРІНШІ. Ол ұлттық экономикалар мен еуразиялық интеграцияның бүкіл кеңістігін жеделдетілген инновациялық технологиялық серпілісі үшін арқаулық жағдайлар қалыптастыру. 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Еуразиялық инновациялық-технологиялық өзара іс-қимылдар бағдарламасын әзірлеп, қабылдау маңызды деп санаймын.

Онда күш пен қаржыны шашыратып алмай, экономикалық өсімнің бірлескен нүктелерін белгілеу, неғұрлым перспективалы бағыттар бойынша бірқатар индустриялық консорциумдар құру маңызды. Мәселен, минералды ресурстарды тереңдетіп қайта өңдеуде, аэроғарыш, химия, машина жасау, агроөндіріс, энергетика, көлік салаларында. Біздің инновациялар саласындағы қызметтестігіміздің мәселелерімен айналысатын теңбе-тең негіздегі Еуразиялық инновациялық Кеңес тағайындау маңызды деп санаймын.

Екіжақты, сондай-ақ көпжақты негізде бірлескен ғылыми-зерттеу кластерлер құру қажет. Нақты жобалар экономикалық интеграцияның қозғаушы күшіне айналып, бәсекеге қабілетті өнімдер шығарып, жұмыс орындарын құрып, ұлттық бюджеттерге аударымдарды ұлғайтуы тиіс.

Еуразиялық одақ идеясынан – еуразиялық интеграцияның жаңа перспективаларына

ЕКІНШІ. Еуразиялық экономикалық одақтың аумағы, бүкіл Еуразия ауқымында, жалпықұрылымдық инфрақұрылымның озық буынына айналуы керек.

Бұл жерде бірқатар жобаларды әзірлеп, жүзеге асыру маңызды. Мәселен, Біртұтас Еуразиялық Телекоммуникациялар Желісін құру, Минск – Мәскеу – Астана – Алматы бағыты бойынша жүрдек темір жол магистралын салу, қазіргі бар, әсіресе, батыста – еуропалық, шығыста – қытайлық көлік жүйелеріне шығатын автомобиль және темір жолдар желісін жаңғырту, сондай-ақ, «Еуразия» арнасының «Каспий-Қара теңіз» жобасын жүзеге асыру. Келісілген және біркелкі тарифтер бойынша бүкіл ұлттық экономикаларды газбен қамтамасыз ететін Бірегей ішкі газ тасымалдау желісін құрудың болашақ еуразиялық экономиканың беріктігі үшін маңызы зор. Энергетика көшенің терең интеграциялаудың жол картасы ретінде бірлескен «Еуразиялық энергетика» бағдарламасын әзірлеп, қабылдау қажет. Сондай-ақ, біз Ресеймен бірлесіп, бізде АЭС салуға тиіспіз.

ҮШІНШІ. Жалпыеуразиялық экономиканың негізін шағын және орта бизнес құру екені мен үшін барынша ашық мәселе. Бұл мүмкін деген экономикалық сипаттағы барлық жаһандық сын-қатерлерге икемді жауап беруді қамтамасыз етудің ең маңызды мәселесі. Қаржылық және сервистік қолдау институттарының жұмыс істеп тұрған Еуразиялық даму

банк базасында құруға болады. Еуразиялық интеграцияның ақпараттық - сараптамалық және ғылыми-тәжірибелік инфрақұрылымын құру қажет.

Еуразиялық экономикалық одақ механизмдерін қалыптастыру біздің елдеріміздің озық сарапшылары мен ғылыми әлеуеттерінің күшін тарту нүктесіне, мүдделерді үйлестіру көзқарастарын белгілеу алаңына айналуы тиіс.

Ұлттық аграрлық салалардың ғылыми-тәжірибелік әлеуетін біріктіре алатындай Еуразиялық аграрлық академия тағайындау орынды болмақ. Аграрлық сектордағы кооперация азық-түлік экспортына қуатты серпін береді, сонымен бірге ол біздің ауылшаруашылық тауар өндірушілер арасында бәсекелестік туғызбауы керек.

ТӨРТІНШІ. Еуразиялық экономикалық одақ мақсаттары оның құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктеріне айрықша талаптар қояды. Олар қатаң қағидаттарға негізделген, сонымен бірге, кез келген өзгерістерге тиісінше әрекет ете алатындай жеткілікті икемділікке ие құрал болып табылуы тиіс. Еуразиялық экономикалық одақ органдарын басқару құрылымы мен тәсілдері өзге интеграциялық құрылымдардан алынған өншейін бір көшірме болмауы тиіс екені белгілі. Мемлекеттің біздің бірлестігіміздің ерекше миссиясына жауап беретіндей инновациялық модельдерін іздеу қажет. Бұл оларды бюрократиядан және ұлттық мем-

лекеттік аппараттар шенеуніктерінің қажет емес синекурасына айналуынан қорғайды. Сіздер менің Еуразиялық экономикалық одақтың ұлттүстілік органын Еуразия құрлығының дәл жүрегінде орын тепкен Астанада орналастыруды ұсынғанымды білесіздер.

Бұл жерде ешқандай асқақ ойлаушылық жоқ. Бұл кез келген ел үшін жүктеме. Мен мұны, біріншіден, бүкіл экономикалық кеңістікті реттеу алгоритмін теңдестіру қажеттілігі бойынша негіздедім. Екіншіден, Ресей «бәрін өзі үшін құруда» деген еуразиялық интеграцияға қатысты барлық сыртқы күмәндарды жоюдың маңыздылығы үшін. Басқа нұсқа ретінде мен осыдан жиырма жыл бұрын географиялық жағынан Еуропа мен Азия түйісетін өңірде орналасқан қаланы одақтың орталығы жасауға шақырғанымды еске сала кетпекпін.

Қазақстандық Атырау, Ақтөбе немесе ресейлік Екатеринбург қалаларының кандидатураларын зерттеуге болады деп есептеймін. Бірақ Астана бұл рөл үшін анағұрлым дайын.

Бүгін мұндай таңдауды мен қосымша жаңа еуразиялық агломерация, еуразиялық интеграция аумағының орталық бөлігінде жаңа өсу орталығын құрудың маңыздылығымен дәйектеймін. Ол Еуразиялық экономикалық одақтың әкімшілік орталығының біртұтас экономикалық кеңістіктің шеткі нүктелерінен шамамен бірдей алшақтығы негізінде бүкіл ретте-

уші тетіктерді бекемдей алар еді.

БЕСІНШІ. Мен экономикалық интеграцияның біздің халықтарымыз арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың белсенділігін арттыратынына және оларды неғұрлым тереңдете түсетініне сенімім мол. ХХІ ғасыр мәдени сегментті ІЖӨ өсінде қомақты пайыздар өкелетін ұлттық экономикалардың сөзсіз маңызды құрамдасына айналдырады. Бұл туризм, соның ішінде тарихи-мәдени экологиялық және медициналық туризм. Бұл инновациялық-индустриялық даму мен басқару жүйесі үшін айрықша маңызды білім беру қызметтері.

Бұл экономиканың көңіл көтеру, спорт сектор және ақпараттық өнім өндірісі. Сонымен бірге, мәдени-гуманитарлық интеграция үдерісінің қандай да бір сегменттің үстемдігінен еуразиялық кеңістіктегі рухани-мәдени алуандылықты жойып жібермеуі де маңызды. Мен біздің кез келген елімізде мәдениеттің ұлттық мазмұнының эрозиясына жол беруге болмайды деп есептеймін. Сондықтан мүше мемлекеттердің мектептері мен жооларында бір-біріміздің тарихымызды, әдебиетімізді мәдени мұралар мен тілді оқып-үйренуді ынталандырудың маңызы зор.

Бізге болашақта пайда болатын еуразиялық хабар тарату құрылымдары интеграциялық үдеріске қатысатын барлық елдердің мемлекеттік тілдерін пайдала-

нуы маңызды деп санаймын. Ол бізді жақындата түседі және сенімді арттырады. Сондай-ақ Астанада Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы Келісімге қол қою күні Еуразиялық интеграция күні деп жариялауды ұсынамын.

Қымбатты достар!

ХХІ ғасырда еуразиялық интеграцияға жүріп өтуге тура келетін стратегиялық жолға қатысты менің пайымым, бүтіндей алғанда осындай. Мен сіздермен – жастармен тікелей жұмыс істейтін ғылыми элитамен тағы да өз ойларымызды бөлісіп отырмын. Біздің экономикалық одақтың құрылғысы – қатып қалған догмат емес. Бізге уақыттың көптеген күрделі сын-қатерлерімен бетпе-бет келуге тура келеді. Интеграциялық таңдау – «сиқырлы таяқша» емес, және таңғажайыптарға кепілдік бере алмайды. Тек уақыт қана барынша иландыру дарынына ие.

Мен еуразиялық интеграция идеясын жариялағаннан кейін өткен екі онжылдық тәжірибесі оны растай түседі. Мен Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуының маңызды сатысына деген менің көзқарастарым мен пайымдауларымыздың ғылыми топтар мен жұртшылық арасында қолдау табатынына шынайы үміт артмын. Мен ХХІ ғасырдың ұлы, өркендеген Еуразия жүз жылдығы болатынына терең сенімдімін.

Назарларыңызға рахмет!

Ақорда

Мереке мезеті

Достық тойы тойланды мерекеде



«Бірлік бар жерде - тірлік бар» дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Ауыз бірлік пен түсіністік, қарапайым ыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі стердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Тәуелсіздіктің таңы атқалы бері 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі мен ынтымағы күні еліміздегі басты мерекелердің біріне айналды.

Бейбітшілік пен татулықтың мекеніне айналған аудан орталығының жұртшылығы бірінші мамыр мейрамын №1 мектеп-гимназиясы алаңында қарсы алды. Мерекенің бастауалған шағында көк аспан түстес жалаушаларды желбірете сахна төріне қадам басқан ұландар мен қызылды-жасылды гүлдерді құшағына алған жұртшылық бейбітшілік пен ынтымақтың негізін тағы бір дәлелдегендей болды. Алаңға алғашқы болып шыққан еңбек ардагерлері, ауданның «Құрметті азаматтары» татулықты дәріптеген шеруді бастап шықты. Одан әрмен қарай түрлі ұлт өкілдерінің киімін сәндене киген барлық мекемелер, ұжымдар, балабақша мен мектептер шерудің легін жалғастырды. Бірлік пен бейбітшілік мерекесімен қалың көпшілікті құттықтау үшін сахна төріне аудан басшысы В.Бубенко көтеріліп:

Көп ғасырлар бойғы тарихында қазақ халқы мемлекеттікті және біртұтастықты сақтай келе, барлық этностардың мәдениетін және салт, дәстүрлерін құрметтей білді. Қазақстан Республикасының Президенті Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салмақты саясатының және барлық қазақстандықтардың бірлігінің арқасында біздің Республикамыз егеменді, тәуелсіз мемлекет болып құрылды, әлемдік қоғамдастықта мәртебелі орын-

ға ие болды. Бүгін ел алдында кең перспективалар ашылды – жаңа бәсекеге қабілетті экономика құрылды, қоғамдық-саяси тұрақтылық қамтамасыз етілді, азаматтардың игілігін жоғарылату үшін барлық жағдайлар жасалды.

Осы саясатты сәтті жүзеге асыруға Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы әсер етті. Этномәдени бірлестіктер біздің өзара түсіністігіміздің, достастығымыздың және бірлігі-міздің орталықтарына айналды. Қазақстан халқының бірлігі мейрамы – бейбітшіліктің және үміттің, біздің бірлігімізді әрі қарай нығайтудың, жемісті еңбектің ақ жарқын көктемгі мерекесі. Шын жүректен осы көктемгі мейраммен құттықтаймын, баршаңызға біздің Отанымызды – Қазақстан Республикасын гүлдендіру жолында сіздерге көтеріңкі көңіл-күй, денсаулық, барлық істерде жақсылық, сәттілік, жаңа шығармашылық жетістіктер тілеймін!, деп жұртшылықты осынау мерейлі мерекемен құттықтады. Одан соң ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, халықтар достастығы мен бірлігін сақтауға қосқан үлесі үшін СҚО әкімінің құрмет грамотасымен Ғайни Ұқанова, СҚО әкімінің алғыс хатымен Ольга Гейн, Мамлют ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен В.Яфарова, Х.Бикина және Б.Рустамова марапатталды. Жиналған жұртшылықты құттықтап, сөз алғандардың қатарында Андреев с/о қазақ этно-мәдени орталығының жетекшісі Қ.Мұқанов, Белое с/о әзірбайжан этно-мәдени орталығының жетекшісі Г.Рустамова, «Қазақ тілі» этно-мәдени орталығының жетекшісі Ж.Д.Бижанова және славянэтно-мәдени орталығының өкілі Г.М.Шурубаева да болды. Мерекелік шара ауданымыздың көркемөнерпаздары дайындаған мерекелік концертпен ұласты.

Ажар АМАНЖОЛҚЫЗЫ

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Қымбатты жерлестер!

Ұлы мереке-Жеңіс күні құтты болсын! 1945 жылдың 9 мамыры еліміздің ерлік шежіресіне мәңгі жазылған. Бұл барша қазақстандықтардың ұрпақтарын біріктіретін бүкілхалықтық мереке. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Отанын қорғаған, елдің елдігі мен ердің ерлігі еш уақытта ұмытылмайды. Жыл сайын мамыр айының 9 жұлдызында сол сұрапыл соғыстағы Жеңіс күні айрықша атап өтіледі. Және ол жалпыға бірдей халықтық мереке болғанымен, бұл күні әсіресе, көшегі соғыста Жеңіс үшін қолдарына қару алып, майданның алдыңғы шебінде қанқұйлы жаумен шайқасқа түскен соғыс ардагерлеріне көрсетілер құрмет айрықша. Соғыстың бірінші күндерінен бастап біздің жерлестеріміз ұлы Отан соғысы шептерінде айқасып жатқанда, Қазақстанның экономикасы әскери жағдайға көшіп жатты. Барлығы да майдан үшін, барлығы да Жеңіс үшін! Ұраны миллиондаған жерлестеріміздің өмірін ұзақ төрт жылға белгіледі.

Құрметті ардагерлер мен тыл еңбеккерлері! Бұл мереке ер кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға де-

ген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі, ал Сіздердің өздеріңіз, құрметті ардагерлер, болашақ ұрпақтар үшін, егемен еліміздің тәуелсіздігін қорғаушылардың бәрі үшін жарқын үлгі болып қала бересіздер. Сіздердің өсіп келе жатқан жас ұрпақтарда азаматтылық пен патриотизм құндылықтарын тәрбиелеуде қосқан үлестеріңіздің мол. Даналықтарыңыз, белсенділігіңіз бен сенімділігіңіз жас ұрпақтың шыдамдылығын ұшқырлауға көмектесті. Ал жастарға, аға ұрпақтың даңқты дәстүрін ары қарай дамытып, жалғастырып, Отанымыз Қазақстанның ары қарай дамып, өркендеуін жалғастыруға сабақ болары сөзсіз. Жеңісті жақындатқан ардагерлеріміз осы күнді жеткізу үшін жандарын пиде етті, бүгінде олардың көбі арамызда жоқ. Бірақ біз, ұрпақтары оларды ешқашан ұмытпаймыз, ерліктеріне бас иеміз. Қымбатты ардагерлер, сіздерге шын пейілден мықты денсаулық, сергек көңіл, ұзақ та бақытты ғұмыр тілейміз. Сіздердің ерен ерліктеріңіз, табандылықтарыңыз алдында бас иеміз!

Р.Нұрмұқанова,

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Құрметті жерлестер!

Шын жүректен Сіздерді отан қорғаушылар күні мерекесімен құттықтаймыз. Бұл мереке қайсарлықтың, беріктіктің, Отан сүйгіштіктің белгісі. Ел тарихының барлық кезеңдерінде отан қорғаушылар туған жерді, тәуелсіз мемлекетті сақтап қалды. Бүгінгі және болашақ ұрпақтардың есінде елін қорғаушы жауынгерлердің ерліктері мен қайсарлықтары, туған жеріне деген махаббаты мәңгі қалады. Бұл қазақ-стандықтардың ерліктерінің айнасы ретінде және де Отанға қызмет ету дәстүрінің мирасқорлығы болып табылады. Қазақстан-дықтарға бұл мереке өзін әскери қызметке арнаған жауынгер ұрпақтарымыздың елін, жерін қорғауға жанын пиде еткен ата - бабаларымыздың ерліктерін, қай-сарлықтарын еске алатын мерейлі мерекеге айналды. Нақ осы күн Отанға сүйіспеншілік іспетті адами құндылықтардың тұрақтылығы және өлшеусіздігі, оның мүдделерін қорғауға әзірлік, патриотизм мен ерліктің барлық көріністері туралы айғақтайды.

Бұл күн Қазақстанның Қарулы Күштері құрамында еліміздің қорғанысы мен қауіпсіздігін қорғауға арнаған ер адамдардың күні. Аға ұрпақ пен

жас буынның Ота-нымызды қорғап, қызметте аятулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Мемлекетіміздің шекарасын біздің әскер қатарында қызмет ететін жерлестеріміз қорғайтынын біле тұра біз тыныш өмір сүріп еңбек ете аламыз. Мереке қарсаңында аудандық мәслихат депутаттары атынан барлық әскери қызмет-керлерді, бұрынғы және болашақ жауынгер-лерді шын жүректен мейрамдарыңызбен құттықтаймыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз. Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! Сіздерге шын жүректен күш-қуат, денсаулық, отбасыларыңызға тыныштық, бірлік-береке, бақыт тілейміз.

Р.Нұрмұқанова,

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Депутаттардың назарына

Аудандық мәслихаттың 31 сессиясы 2014 жылдың 19 мамырында 11.00-де Мамлют ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібінде:

1. 2013 жылға Мамлют аудандық бюджеттің орындалуы туралы есеп.
2. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының «2013 жылғы Мамлют аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»
4. Әртүрлі.

**Мамлют ауданы
мәслихатының хатшысы
Р.Нұрмұқанова**

қазақстан ұлы отан

От кешкен күндер

Шеген Сүтерұлы 1900 жылы Акмола губерниясы, Петропавл уезі, Становой болысы Мадияр ауылында дүниеге келген. Шеген Сүтерұлы 14 желтоқсанда 1941 жылы майданға шақырылған. Бірден қызу майданда ұрысқа араласқан Шеген аға майданнан үш бұрышты хаттар жолдап тұрған. Сол хаттардың ішінде оның жүрегін жарып шыққан өлеңдер болған.

Біздің Ленин ауылының тұрғындарының үлкендері жатқа біледі. Жиын кештерде көп айтылған, көзге жас үйіре жолдары көп екен. Шеген Сүтерұлы 1942 жылы 11 қыркүйекте Тула қаласында ауыр жарадан қайтыс болған. Денесі Всевяцкий моласында қойылған. Боздақтар кітабының 4-ші томында 633 бетінде бұл кісі туралы дерек бар. Ол кісінің жазған өлеңдері жаңбырдай жауған оқ астында Отан үшін күресіп жүрген жауынгердің елді сағынған жыр жолдары туған жерге деген махаббаты. Колхоз басқармасы болып жұмыс істегендіктен ауыл адамдарын тетелес достарын, сол шеттен келген неміс-ноғайлардың аттарын тізіп жазып тізіп жазып бақылдасқандай болыпты. Кім білсін, мүмкін елге оралмайтынын сезген шығар асыл азамат. Сол майданнан жазылған өлеңдерді түгел сіздерге жолдаймын:

Ел сағынып ұйықтамаған аландығын,
Ойласам ол да менің надандығым.
Құрметтеп, қошеметтеп аттандырған,
Жер-сумен елге жазған амандығын.

Жасымнан туып өскен ел аман ба?
Өтетін нелер асқан бел аман ба?
Жайылған колхоз малы су ішетін
Құрғақкөл, Суаткөлдей көл аман ба?
Өсірген тәрбиелеп ел аман ба?
Жасы үлкен аға- жеңге бәрі аман ба?

Кейінгі інілер мен қарындастар,
Қария жасы жеткен көрі аман ба?
Егін егіп алған дала аман ба?
Колхозшы мен колхоздың малы аман ба?
Ауру-сырқау, сырқау, өлімнен, жаман аттан
Тік басқан аяғынан жан аман ба?
Сахара кең далада болған едім,
Байлық пен мәдениетке толған елім.
Ақсатпа шамаң келсе науқаныңды,
Кешегі қызығыңда болған едім.
Басқарып байлығыңды жүрген елім,
Қызығын мәдениеттің көрген елім.
Екпіндеп көктем егіс дайындығын,
Еңбекке төртіппенен орген елім.
Артында ел қалды деп сенген елім,
Бақытты шат тұрмысқа еңген елім.
Колхозды гүлдендіріп көтере бер,
Партия тура жолды берген елім.
Байлықты еңбекпенен тапқан елім,
Шалқытып Сахарада жатқан елім.
Болғанда бірің өсем, бірің шешен,
Бөріңе өз балаңдай жаққан елім.
Әуелі туып-өскен жерді айтам,
Өсірген тәрбиелеп елді айтам.
Бауырлар, бөріңді сағынамын,
Аттарыңды атап бас басыңа сәлем айтам

Ғ.Ұқанова,
Ленин селолық округінің
кітапханашысы

Есімі елдің есінде

Ай өтер, күндер өтер, жылдар өтер
Ерлікті еске алатын күндер өтер
Сол күнде Батырлар деген ер атағы
Көтеріп, көкке бойын, бір сілкіңтер
Сонау 1941-1945 жылдары
сұрапыл соғыстан. қабырғасы қарсы айырған
қанқұмар жалмауыз соғыстан зардап шегіп,
қияметін тартқан адамдар да шексіз емес пе.
Қаймағы ұйып тіршілік қамымен бейбіт өмір сүріп
өткен біздің ауылдың да керегесін шайқамай қойған жоқ.
Қолдарына қару ұстап сүйікті.

Отанын қорғауға аттанғандардың саны аз емес. Солардың ішінде ағамыз - Жүнісов Есмағзи Жүнісұлы. Ол кезде 22 жастағы жігіт екен.

Ол 1939 жылы Петропавл педагогикалық училищесінде оқып жүргенде, әскери қызметін өтеуге Череповец қаласында 24-ші атқыштар дивизиясына шақырылыпты. Отан алдындағы борышын өтеп, елге

ораларшағында соғыс басталып, сол жақтан майданға аттанып кеткен екен. 23.06.1941 жылы Белорусс майданының Лире қаласындағы ұрыстарда, Курск шайқасында қалаларды азат етуге қатысқан. 1941 жылдың 6 маусымынан 1942 жылдың 18 маусымына дейін

214 десанттық бригадасында есантик бригадасында атқыш болған. Осы ұрыста ауыр жарақат алып, тұтқынға

Жеңіс күні – болашақты сыйлады!

9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады. 1945 жылдың 9 мамыры.

Жылдан – жылға алыстап бара жатқан мерзім. Бірақ, бұл мерекенің бағасы мен маңызы әр адамның жүрегінде сақталған. Көпұлтты халқымыздың ортақ, басты мерекелерінің бірі. Жыл сайын мәңгілік алауы жанына Отан қорғаушыларын, батырларды еске алып, гүл шоқтарымен рахмет айта келгендер жиналады. Қасиетті де ұлы мереке қарсаңында көздеріне жас алмайтын адам жоқ болар. Соғыс жылдарында ағайын – туыстан, жора – жолдастан айрылып қалған отбасылар, қаншама! Иә, сол сұм соғыс жас, көрі демей жалмап жатты ғой.

Қазақтың қыздары, ер жігіттермен қатарласа соғысқан, нәзік те, батыр, батыл апайларымыздың өздері ел мен жер үшін күресті. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіріп, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға

ұмтылуға көмектеседі. Қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын түсіне түсудеміз. Сондықтан да бұл күнді асыға күтеміз, жабырқай да, қуана да еске аламыз, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз.

Өткен жылы 9 мамыр қарсаңында Германия түбінде соғысқан Василий Ильич Глуховты соңғы сапарына шығарып салған болатынбыз. Мектепте ұстаздар, ол кісінің ерлігін әрдайым айтып отырады. Оның жасаған ерлігі жүрегінің «Елім» деп соғуы болар, біз де оның ерлігін мақтанышпен айтып, үлгі етеміз. Біздің парызымыз – бұл алапат соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Бүгінгі буын Жеңіс солдаттары алдында мәңгілік қарыздар, сондықтан да біз қолымыздан келгенін барлығын жасауымыз керек. Азаттық, Бостандық жолында ерлік көрсеткен ата – бабаларымыздың туларын биік ұстау – біздің басты парызымыз, міндетіміз!

Қуаныш Әубәкіров,
Новомихайлов орта мектебінің
10 сынып оқушысы

Ұлы Отан соғысының басталуы

Германияда әкімет басына фашистердің келуі және олардың Еуропадағы агрессияшылдық іс-әрекеттері Кеңес Одағы мен гитлерлік Германияның арасында соғыстың болмай қоймайтындығын айқын көрсетті.

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия езара шабуыл жасаспау жөніндегі кеңес-герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса- көктеп кірді. Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс басталды. КСРО-ға қарсы соғысқа Германияның одақтастары - Румыния, Венгрия, Италия, Словакия, Финляндия қатысты. Гитлершілдердің жағында соғысқа кіру- геЖапония, Болгария, Туркия, Испания дайын тұрды. Бұл жағдай Қызыл Армияны Қиыр Шығыс пен Закавказьеде ірі әскери құрамаларын ұстап тұруға мәжбүр етті. Ұлы Отан соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс орасан зор кеңістікте жүргізілгенімен, соғыс қимылдары кеңес елінің аумағында етті. Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысына дайындықсыз кірісті. 1930 жылдардағы әскерилерді қудалау соғыстың алғашқы күндерінде сәтсіздіктерге ұшыратты.

И. В. Сталин халыққа 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақөздерінің борышын етеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Әскери міндеттілерді әскерге алу ете қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Тарихи әдебиеттерде бұл соғыс «Ұлы Отан соғысы» деген атқа ие болды. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды. Алғашқы күндердің езінде ақын В. Лебедев-Кумач пен композитор А. Александров жауға қарсы күресте кепке ортақ әнұранға айналған «Қасиетті соғыс» әнін шығарды.



Фашистік Германияның соғыс жоспары

1940 жылы жасалған «Барбароса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде (6-8 апта) Архангельск- Еділ-Астрахан шебіне шығуды кездеді. Бұл қауырт соғыс - блицкригтің негізгі мақсаты еді. «Барбароса» жоспарын жасағанда фашистік Германияның басшылары КСРО-ны «кептеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат (қоспа)» ретінде қарастырды.

Фашистер басып алынған кеңестік аумақта Остланд рейхскомиссариаттарын - герман провинцияларын құруды жоспарлады. Германияның Қазақстанға қатысты жоспары айқын еді. КСРО-ны жеңгеннен кейін фашистер Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда бірыңғай герман аумағын құруды көздеді. Бұл аймақты «адамзатқа жатпайтын» славян халықтарынан тазарту міндеті қойылды. 1941 жылдың соңында түрік-монғол халықтарын жою жоспарланған болатын. Немістердің жоғарғы барлау мектебі болашақ отарлардың карталарының жобасын дайындап, 1942 жылдың басында «Еділ-Жайық» және «Үлкен Түркістан» мемлекеттік құрылымдарын құруды жоспарлады. Үлкен Түркістан отарының



құрамына Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Сынцзянь, Ауғанстанның солтүстік бөлігі енгізілді. Қуыршақ мемлекеттерді құру арқылы гитлершілдер экономикалық және саяси мақсаттарды: ұлы герман империясы үшін қуатты шикізат және қосымша азық-түлік базасына ие болуды, кеңестер елін отарға, оның халқын құлдарға айналдыруды кездеді. Сондай-ақ Қазақстанның орталық, солтүстік және солтүстік-шығыс аудандары - Қарағанды, Новосібір және Кузнецк «индустриялық облыстарының» құрамына кіруге тиіс болды. Бұл жерлерде фашистік Германияға қызмет ету үшін украиндар, белорустар мен поляктарды, венглер мен Шығыс Еуропаның басқа да халықтарын қоныстандыру жоспарланды. Кейінірек қауырт соғыс жоспарларының күйреуіне байланысты фашистер өз жоспарларын қайта қарап, КСРО-ның орыс емес халықтарының өзін-өзі басқаруына уәде беруіне тура келді. Сейтіп фашистер бұл халықтарды Мәскеуге қарсы күресте пайдаланбақшы болды.



Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары

Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақ - стандарты дивизияға құрметті атақтар берілді. Олардың бесеуі - бір орденмен, төртеуі - екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды.

5 дивизия (олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия да бар) гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды, 497 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 97 қазақ иеленді, олардың ішінде қазақ қыздары - Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Төрт қазақстандық ұшқыш - Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет ие болды. 1990 жылы 11 желтоқсанда көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлына да осы құрметті атақ берілді. 1941 жылы Бауыржан Момышұлы аға лейтенант шенінде батальонды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан үш рет алып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полковник шенінде аяқтады. Әділеттілік тек 45 жылдан соң, қазақтың ұлттық батыры өмірден қайтқаннан кейін ғана қалпына келтірілді. «Даңқ орденінің толық иегері» атағына 110 қазақстандық ие болды. 1941 жылы 26 маусымда өведі отжалынға оранып бара жатқан бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасы үстіне шүйіліп, жандарын пидат

кен қазақтың баһадүр ұшқышы Бақтыраз Бейсекбаев пен ұшақ экипажына 1996 жылы 2 мамырда Ресей Федерациясының Батыры атағы берілді. Рейхстагқа тікелей шабуыл жасап, оған Жеңіс туын тіккендердің қатарында қазақстандықтар Р. Қошқарбаев, капитан Б.В.Чупрета, минометші А. Бақтыгереев, пулеметші А.Е.Вицко, байланысшы К.М.Волочаевтар болды.

Қаһарман партизандар

Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты.

Украинаның партизандық құрамалары менотрядтарында (толық емес деректер бойынша) 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ шайқасты. Смоленск облысындағы 15 партизан бригадалары, мен отрядтарында 270 қазақстандық ұрыстарға қатысты. Белоруссияның әр түрлі аймақтарында әрекет еткен 65 партизан бригадалары мен отрядтарының құрамында 1500-ден аса қазақстандық болды. Соғыс жылдары партизан қозғалысына қатынасақан қазақстандықтардың саны 3,5 мыңға жетті. Партизандық қозғалыстың Ғалым Ахмедияров, Ғалым Омаров, Нұрым Садықов, Қасым Қайсенов, Нұрым Сыздықов, Әди Шәріпов, Тәжіғали Жангелдин т. б. батырларының есімі көпке танылды. Халық көкшілдерінің қатарында қазақстандық әйелдер - Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова т. б. аянбай шайқасты. Еуропа елдерінде Қарсыласу қозғалысына қатысушы қазақстандықтар фашистерге қарсы күресте батырлық пен ерлік көрсетті. Поляк партизандық жасақтарында Жамбыл облысынан Салтынбек Төлешов, Шығыс Қазақстан облысынан Константин Трокин, Қарағанды облысынан Михаил Авдейчик, Қызылорда облысынан Омар Тойымбетов тағы басқалары шайқасты. Словакиядағы Турея өзені бойында қазақстандық Петр Величконоң басшылығымен партизандық құрама жасақталды. Чехословакияны неміс фашистерінен азат етудегі партизандық ұрыс қимылдарына алматылық Алексей Ильин, семейлік Николай Мошкин, Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Жұбандық Суранқұлов, павлодарлық Николай Тарановтар қатысты. Югославия жерінде фашистерге қарсы шайқаста көкшетаулық Телжан Желқожинов, Ақтөбе облысының тұрғыны Арық Есентаевтар ерлік көрсетті. Грекия жерінде фашистерге қарсы күресте алматылық Петр Рев, француз қарсыласу қозғалысы сапында Дәулет Қаражұмынның батырлығымен аты шықты. 1943 жылдың жазында Бельгияда фашистік тұтқыннан қашып шыққан кеңес әскерлері партизандық бөлім құрды. Олардың ішінде қазақстандық - Ақтөбе облысынан Өтеген Абдуллин, алматылық Иван Қарасев, Ақтөбеден Борис Бондаренко, Талдықорған облысынан Федор Малаховтар болды. Қазақстандық 23 жауынгер итальяндық қарсыласу қозғалысы құрамында - Қарағандыдан Тәкіш Әлпейсов, Қызылордадан Қалданбек Дүйсенбеков, Ақтөбеден Жаймаң Келшқов, Целиноград облысынан Николай Дрожаков және Топай Сәдуақасов т. б. жаумен қасық қаны қалғанша шайқасты.

СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА



Халықтың тылдағы ерен еңбегі

Ұлы Отан соғысы жағдайларында Қазақстанның майданды ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызы өсті. Соғыс жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы елге соғысқа дейінгі соңғы бес жылда өндірілген өнімнен артық өнім тапсырды (астық - 5 829 мың тонна, ет - 734 мың тонна, жун - 17,6 мың центнер, 3194 мың центнер сүт пен басқа да азық-түлік өнімдері және өнеркәсіп үшін қажетті шикізат).

Малшылар да аяңбай еңбек етті. Соғыс жылдары Қазақстан елдің шығысындағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналды. Соғыс жағдайларында техниканың жоқтығынан миллиондаған бас малды жемш - өппен, әсіресе қысқы жемшөптің қосымша қорларымен қамтамасыз ету аса қиын міндет болды. 1942 жылы колхоздар мен совхоздар етке 169,4 мың бас ірі қара мал (1941 жылмен салыстырғанда екі есе дерлік көп), 878,1 мың қой (1941 жылмен салыстырғанда 3 есе дерлік көп) тапсырды. Еттің көп мөлшерде тапсырылуына қарамастан республикадағы мал басының жалпы саны осы кезеңде 1 миллион басқа көбейді. Қазақстанның колхоздары, МТС-тер мен совхоздар майдан қажетіне 7 416 трактор (негізінен жаңасы), 110 мың жылқы жіберді.

Тамақ өнеркәсібі өнімдерін шығару жоғарғы қарқынмен өсті. 1945жылы 1940 жылмен салыстырғанда өсімдік майын өндіру 1,8 есе, консерві - 1,7 есе, кондитерлік өнімдер - 1,5 есе, макарон өнімдері - 1,3 есеге өсті. Экономикадағы бұл күмәнсіз табыстарға қажырлы еңбектің арқасында қол жетті. Еңбекке жарамды ер азаматтардың көпшілік бөлігі майданға аттанды. Өнеркәсіптегі әйелдердің үлес салмағы 50%, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібінде 80-90% - ды құрады. Әскерге шақыру жасына дейінгі жасөспірімдер мен жастардың үлес салмағы Қазақстандағы бүкіл жұмысшылардың 35-40%-ын құрады. Еңбек тәртібі қатайып, жұмыс күні ұзартылды, мамандардың тұрақтамауы шектелді, 11 сағаттық 6 күндік жұмыс аптасы енгізіліп, қосымша демалыс жойылды. Тәртіп бұзғандар, кәсіпорыннан кетіп қалғандар 5 жылдан 8 жылға дейін түрмеге отырғызылып, жазаланатын болды. Экономиканы басқару әскериленді, төтенше өкілдер қызметі, азық-түлікті карточкалық жүйемен бөлу енгізілді. Қазақстан соғыс жылдары қорғаныс мамандарын дайындаудың орталығы болды. Республикада майданға жақын қалалардан көшірілген әскери училищелер орналастырылды. Ұлы Отан со-


ғысы тарихының белгілі беттерінің бірі - Қызыл Армия үшін тау атқыштарын дайындайтын арнайы мектептің Алматыға жақын жерде ашылуы еді. Солтүстік Тянь - Шань тауларында орналасқан бұл мектептің бөбелі мен маңызы өте жоғары болды. Сталинград шайқасынан кейін, барлық майдандарда шабуылдар басталған кезде мектепке тау атқыштарын көптеп даярлау тапсырылды. Бастапқыда шақырылу жасына дейінгі жасөспірімдер, соңынан майдандағы офицерлер, тіпті Карпатқа, Татраға, Бескидке, Судетке, Трансильвания Альпісіне т. б. таулы аудандарға жіберілетін тұтас бөлімшелер оқытылды. Қазақстанның жұмысшы күшінің елеулі бөлігін арнайы қоныс аударғандар құрады. Соғыс басталған кезде олардан Еңбек армиялары құрылды. Оның құрамында 700 мыңнан аса (200 мыңы қазақтар) адам болды. Ұлан-ғайыр қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан экономикасы КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісін қамтамасыз етуге өзінің лайықты үлесін қосты.

Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталуы

Неміс басқыншыларын кеңес жерінен қуған Кеңес Одағының Қарулы Күштері дүниежүзілік тарихи миссияны-Еуропаны гитлерлік оккупациядан азат етуді жүзеге асыруға кірісті. Румыния мен Болгарияны азат ету шайқастарына 387-ші қазақстандық атқыштар дивизиясы қатысты. Югославияда 73-ші гвардиялық дивизия шайқасты. Ұлы Отан соғысының ірі, шешуші операциясы - Берлинді алуға 150-ші атқыштар дивизиясы қатысты. Шайқас қызып жатқан уақытта қазақстандықтар - офицер Р.Қошқарбаев, қа-

тардағы жауынгер Г. Булатов, кіші сержант М.Еремин, қатардағы жауынгер Г. Сывенко т. б. тіккен қызыл тулар желбіреп тұрды. Берлинге тіке шабуыл жасауға «Қазақстан комсомолы» танк колоннасының таңкілері қатынасты. Бұл колонна Қазақстан еңбекшілерінің жеке қаражаттарымен құрылған еді. Республика патриоттары соғыс жылдары 480 миллион сом жинап, бұл қаржыға «Қазақстан колхозшысы», «Түркібші», «Қазақстан кеншісі», «Қазақстан мұнайшысы», «Қазақстан металлургі», «Қазақстан пионері» атты т. б. майдандардағы армиялардың құрамына кірген танк колонналары мен авиа-эскадрильялары жабдықталды. Фашизммен соғысты жеңіспен аяқтаған Қазақстан жауынгерлері Квантун армиясымен болған шайқастарға да қатысты. Көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін 2027 қазақстандық орденмен, медальдармен марапатталды, олардың ішінде 14-і - «Кореяны азат еткені үшін», 234-і - «Жапонияны жеңгені үшін» медаліне ие болды. Жеңіс күнін армия қатарында болған, Қазақстанда құрылған 12 дивизия, 3 атқыштар, 1 артиллерия, 1 минометші, 2 авиация полкі, басқа да бірнеше әскери бөлімшелер қарсы алды. 500-ге жуық қазақстандықтар Кеңес Одағының Батыры атағын алды, оның 97-і қазақтар. Б. Момыш-ұлы, Б. Бейсекбаев, Х. Доспанов т. б. қазақстандық батырлар соғыстан кейінгі кезеңде марапатталды. 1945 жылы 8 мамырда Потсдамда гитлерлік Германияның сөзсіз тізе бүгу Актісіне қол қойылды. Сол жылдың 2 қыркүйегінде американдық «Миссури» линкорының бортында милитаристік Жапонияның сөзсіз тізе бүгуі жөніндегі Актіге қол қойылды. Бұл оқиғаның жедел өткізілуіне: біріншіден, Кеңес Армиясының Қиыр Шығыста (Маньчжурияда) жапондық Квантун армиясын қысқа мерзімде талқандауы, екіншіден, американдықтардың жапон қалалары Хиросима мен Нагасакиге екі атом бомбасын тастауы себепші болды. Жапонияның тізе бүгуімен Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Қазақстандық құрамалар Ленинградты қорғауға, Сталинград түбіндегі, Курск доғасындағы шайқастарға, Днепрден өту мен Украина, Белоруссия, Молдова мен Балтық елдерін, Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету шайқастарына қатысты.

Бүгінгі таңда қазақтардың Ұлы Отан соғысындағы адам шығыны жөнінде әр түрлі пікір айтылып жүр. Цифрлар 350 мыңнан бастап 410 мыңға дейінгі деңгейді меңзейді. Бірақ мұнда республикадан тыс жерлерден майданға аттанған қазақтар, еңбек армиясынан оралмай қалғандар, майданда алған жарақаттан қаза тапқандар еніп отырған жоқ. 1930-1937 жылдардағы қуғын-сүргіннен аман қалған зиялылар өкілдерін майданға аттандыратын қазақ халқының өзінің ең талантты азаматтарынан айырылғаны даусыз факт еді.



7 Мамыр - Отан қорғаушылар күні Отан үшін отқа түс күймейсің



Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны өлімнен, өткеннен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады.

Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Бостандық ауылынан басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және балабақшаға барған көше әлі есімде. Сол кезде ол маған өте ұзын болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар көп болатын. Иә... Туған жер ұзаққа қияп жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Қызым, үйге кір...» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Қазір бойжеттім, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен өлімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағым.

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта, татулықта бірге жұмыла отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен көрістер...еңбектенуде. Мен соңғы жүз жылда Қазақстан жеріне әр түрлі халықтар қоныс тепкеніне жиі ойланамын. Біздің еліміз сияқты менің ағайыным да көп ұлтты. Бірлік, ұлтаралық келісім және саяси тұрақтылық – қазақстандықтардың қалауы. Мен оны білемін. Онда татарлар да, орыстар да, қазақтар да бар. Олардың тағдырын, өмір тарихын тыңдағанда менің өлім одан сайын маған жақындай түседі, оны жақсырақ түсіне бастаймын. Біздің отбасы тарихымыз мыңдаған басқа отбасылардың тарихына ұқсас. Өмірдің қиын кездерінде, ауыр жұмыстарда, өтіп жатқан күндер мен мерекелерде әр түрлі ұлт өкілдерінің пікірі қалыптасты. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең

жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Осында тұрушылардың барлығы қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі келек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы өркениет Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы. Мен туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын, өйткені сен барсың – менің Қазақстаным!

Сен барсың менің жанымда,
Көктемнің гүлі ашылған!
Балалық шағым қасында,
Тағдырым сенсің, Қазақстан!

Мен үшін Отан – құндылықтарды материалды тасымалдаушы емес. Бұл жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да оралғың келетін Жердің рухани бұрышы. Менің жылдарым күндермен өлшенеді. Мен оның шексіз болғанын, менің кішкентай және үлкен Отаным татулықта болғанын қалаймын. Мен әрқашан да Қазақстанда тұратын адамдарға жанымының жылуын, жүрегімнің отын сыйлауға дайынмын. Мен өз Қазақстанымды қалай жақсы көремін? Мен өз отанымды қалай мақтан тұтпайын? Ол мені өз құшағына алады, әрдайым жылулық сыйлайды. Отанымда қонақта болғанда өзімді өте жайлы сезінемін, жақсы демаламын. Біз өмір сүреміз, кетеміз, өлеміз, ал біздің отанымыз мәңгі өмір сүреді. 2014 жыл – біздің Республикамыз үшін мерейтойлы жыл, Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма үш жылдығы. Жиырма үш жыл ішінде экономикада, саясатта, әлеуметтік дамуда көптеген жетістіктерге жеттік. Бізді әлем таниды. Бұл өте маңызды. Бұл біздің де, біздің Президенттің де үлкен жетістігі. Біз, жастар бүгінгі табысымызды бекіте отырып, жаңа асуларға жету үшін көп еңбек етуіміз қажет. Біз оған дайынбыз.

Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз.

Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, жаңұяларыңызға бақыт пен шаттық тілейміз!



Ауыл шаруашылығы

ҚЫР ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ ЖАСАЙДЫ



Аграрлық несиесі корпорациясы АҚ - ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау жасайтын қаржылық құрылымдардың бірі. Корпорация “ҚазАгро” Ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымы болып табылады. Акционерлік қоғам бірқатар жылдан бері аграрлық өнеркәсіптің барлық саласын қамтитын бірнеше несиелеу бағдарламалары бойынша жемісті жұмыс атқарып келеді.

Оның қажеттілігі, әсіресе, ауыл шаруашылығының қауырт науқандық жұмыстары қарсаңында анық сезіледі. Корпорацияның қаржылық көмегіне көбірек қол созатындар ондағы өзгерістер мен жаңалықтарға құлақ түреді. Айталық, корпорация арқылы қаржыландыру көзінің рес-публикалық бюджеттен Ұлттық қорға ауыстырылу мүмкіндігі және оған қаржы бөлінудің тым ұзаққа созылуы шаруа қожалықтарын абыдыратып тастаған болса, бұл мәселе жуырда министрлікте қайта қаралып, қаржыландыру тетіктері бұрынғы қалпында қалатын болып шешілді. Яғни, несиенің пайыздық ставкасы жылдық 4 пайызда қалады. Бұл корпорациядан қаржылық көмек алатындарды қуаныттыр. Соған байланысты “Аграрлық несиесі корпорациясы” АҚ облыстық филиалының директоры Серік

Ахметбековке жолығып, қаржылық ұйымның жұмысы жайында кеңірек әңгіме өрбітудің сәті түсті.

“Серік Мәркенұлы, алдымен осы жұрт алаңдап отырған жайға тоқталып, қаржыландыру көзі мен несиенің жылдық өсім ставкасы жайлы айтып өтсеңіз?”

“Осы мәселені жуырда облыстық кәсіпкерлер палатасындағы “деңгелек үстел” басындағы жиында сөз еттік. Қаржыландыру көзі Ұлттық қорға ауыстырылып, пайыздық ставкасы бұрынғы 4,0 пайыздан 5,2-ге өсетін болған еді. Бірақ, ол осы сәуір айына дейін шешіле қоймай, жақында министрлік оны бұрынғы тәртіпте қалдыратын болып шешті. Республикалық бюджеттен бұл мақсатқа 10 млрд. теңге қаржы бөлінді, енді ол корпорацияның қаржыландыру бағдарламалары бойынша жергілікті жерлерге жете бастайды. Берілетін несиелердің жылдық ставкасы 4,0 пайыз, егер ол тауар өндірушілеріне ауылдық кредиттік серіктестіктер арқылы берілетін болса, олардың маржасымен қосып есептегенде 7-9 пайызды құрайды. Мәселенің осылай оң шешімін табуы өңір аграр-шыларының көңілінен шығуы тиіс.

“Енді несиесі корпорациясының қаржыландырудың қандай бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіп отырғанына тоқталсаңыз.

Олардың қандай ерекшеліктері бар?

“Біздің облыстық филиал қаржыландырудың негізгі алты бағыты бойынша жұмыс жүргізеді. Соның ішінде кең ауқымдысы - кредиттік серіктестіктерді несиелеу бағдарламасы. Корпорациямыздың қатысуымен барлық 13 ауданда кредиттік серіктестіктер құрылған, олар облыстың 457 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін біріктіреді. Бұл ауылдағы несиелеудің тиімді жүйесі болып табылады, өйткені ол ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көпшілігіне қолжетімді. Корпорация арқылы бөлінетін кредиттік қаржы айналым қорын толықтыруға, ауыл шаруашылығы техникалары мен құрал-жабдықтарын алуға, мал сатып алуға, ауыл шаруашылығы дақылдарын қайта өңдеуді қаржыландыруға және құс шаруашылығын дамытуға беріледі.

Сонымен бірге, көктемгі-дала және орақ жұмыстарын қаржыландыру, “Сыбаға” бағдарламасы бойынша қара мал сатып алуды кредиттеу бағдарламалары да біршама сұранысқа ие. Көктемгі-дала және орақ жұмыстарын қаржыландыруға биылғы жылы сомасы 842,5 млн. теңгенің 11 өтінімі түскен болса, соның ішінде 357,5 млн. теңгенің 3 өтінімі қазір қаралу үстінде, 275,5 млн. теңгенің 6 өтінімінің кепілдік шарттары тіркелу кезеңінде, ал 209,5 млн. теңгенің 2 өтінімі бойынша несиесі қаржысы тауар өндірушілердің қолына тиді. Етті бағыттағы ұрғашы ірі қара мен бұқалар сатып алуды несиелеу бағдарламасы бойынша 7 өтінім түсіп, олардың 6-уы 36,8 млн. теңгеге қаржыландырылды.

Бұлардан басқа ауылдық жердегі кәсіпкерлік қызметінің ауыл шаруашылық емес түрлерін, өңдеу және тамақ өнімдері өндірісін жүргізетін АӨК субъектілерін және Аграрлық несиесі корпорациясының өз қаржысының есебінен несиелеу бағдарламалары жұмыс істейді. Осы үш бағдарламаның тамақ өндірісінен басқасында өзінге түскен өтініш үшеу, олар негізгі және айналым қорларын толықтыруды көздейді. Соның ішін-де бір өтінім бойынша қаржыландыру жасалып, Ғ. Мүсірепов атындағы ауданның “Войт Н.Я.” жеке кәсіпкері айналым қорла-

рын толықтыруға 500 мың теңге несиесі алды.

“Осы несиелеу бағдарламалары бойынша тағы қандай қосып айтарыңыз бар?”

“Аграрлық несиесі корпорациясы” АҚ-ы негізінен ауылдық кредиттік серіктестіктермен жұмыс істейді. Қаржыландыру көлемі жыл сайын өсіп келеді, мысалы, 2011 жылы 189 қатысушыны 2278,5 млн. теңгеге қаржыландырсақ, 2012 жылы 231 қатысушы-3133,1 млн. теңге, ал өткен 2013 жылы 262 қатысушы 3711,0 млн. теңге несиесі алды. Бұл көрсеткіш бойынша облыстық филиал корпорациядағы алғашқы үштіктің қатарына енеді. Салыстыру үшін айтар болсақ, көрші Қостанай облысында өткен жылы ауылдық кредиттік серіктестіктерді қаржыландыру көлемі 1612,5 млн. теңгені құрады.

Сондай-ақ, бұл жерде кейбір проблемалық мәселелерді де сөз етпек болмайды. Айталық, жекелеген серіктестіктердің жаңа қатысушылар тарту мен несиесі қорын игеру жөніндегі белсенділіктері төмен. Мысалы, Айыртау ауданындағы “Шалқар” кредиттік серіктестігі 150 млн. теңге несиелеу лимитінің - 42 пайызын Ақжар ауданындағы “Ақжар-Кредит” кредиттік серіктестігі 102 млн. теңгенің 50 пайызын ғана игерді. Сол сияқты, мерзімі асқан бөренелерді өндіріп ала алмай жатқандары да бар. Оған тағы сол “Шалқар” КС-іне қатысты мысал келтіруге болады. Ол өтем мерзімі екі жылдан асқан “Агро - ВЕВ” ЖШС-

індегі 11,9 млн. теңге бөренесін қайтара алмай жүр. Ал Уәлиханов ауданындағы “Қызылту-Несиесі” КС-іне “Ақтүйесай Жер” ЖШС-і мерзімі үш жылдан асқан 17,4 млн. теңге бөренесі.

Жоғарыда аталған несиелеу бағдарламалары бағыттары бойынша ауылдық кредиттік серіктестіктердің өздері несиесі береді. Тек оған несиелеу шарттары сәйкес келсе болғаны.

Солардың біреуіне, атап айтқанда, көктемгі-дала және орақ жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыруға тоқталып, оларға қойылатын талаптар мен шарттарды айтып берсеңіз?

“Көктемгі-дала және орақ жұмыстарын несиелеу ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен 1 гектарға жұмсалатын шығындар нормативтеріне сәйкес жүргізілетін болады. Оның жылдық сыйақысы - 5 пайыз, ол екінші деңгейлі банктердің және “ҚазАгроГрант” АҚ-ның кепілдіктерімен кепілдендіріледі, оның мерзімі 2014 жылдың 30 желтоқсанына дейін ал несиелеу мерзімі 1 желтоқсанға дейін, сыйақы мен негізгі қарыз бөренелерін жабу несиелеу мерзімі аяқталған соң. Басқа несиелеу бағдарламаларында жылдық сыйақы мөлшері 14 пайызды құрайды, қазір сомасы мен несиелеу мерзімдері өртүрлі.

“Өңірмеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Тоқтар ЗІКІРИН



1. Банк салымшылары өз салымдарының сақтандырылуы жайлы қауіптенуі керек пе?

- Жоқ. Қазақстанда депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесі жұмыс істейді. Валютасына, пайыздық мөлшерлемесіне қарамастан, елдегі барша жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің барлық депозиттеріне мемлекет толық кепілдік береді. Тіпті, азаматтардың кез келген қазақстандық банктен ашылған ағымдағы шоттары мен карт-шоттарындағы ақшасына да мемлекет кепілдік береді. Сот шешімімен бір банктің жұмысы мәжбүрлі түрде тоқтатылған жағдайда, қор сол банк салымшыларына банкке берген ақшасы бойынша 5 миллион теңгеге

дейін кепілдік берілген өтемді төлейді. Қаражат қордың арнайы резервінің есебінен төленеді. Ол қаражаттың көлемі қоммақты: 2014 жылдың 1 наурызындағы жағдайға сәйкес, арнайы резервтің көлемі 180 миллиард теңгеден асты.

2. Кепілдік берілген өтемнің ең жоғары шеткі сомасын кім белгілейді, теңгенің девальвациясына байланысты ол меже қайта қарастырыла ма?

- Оның сомасы заңда - “Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге кепілдік беру туралы” ҚР заңында жазылған. Бұл заңға өзгерту енгізу, оның ішінде ең жоғары шеткі сомаға қатысты өзгерістер де Ұлттық банкінің келісі-

Жуырда елімізде депозиті бар біраз адам дүрбелеңге түсіп, біршама шығынға ұрынды. Ақшаға қатысты қандай да шешім - ойланып жасалуы тиіс. Депозит мәселесінде қателеспеу үшін бірнеше қарапайым нәрселерді білген жөн. Мәселен, біздің елімізде жеке тұлғалардың депозит қызметін ұсынатын кез келген банктен ашқан депозитіне мемлекет тарапынан кепілдік беріледі. Депозиттерді сақтандыру жүйесі жайындағы сұрақтарымызға” Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры” АҚ-ның төрайымы Бақыт Мәженова жауап берді:

ДЕПОЗИТ ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ 7 СҰРАҚ

мімен, ҚР Парламентінің қабылдауымен жасалады. Бұл сома елдегі шынайы да нақты экономикалық ахуалды, депозиттер нарығындағы фундамен-талды жайттарды ескеруі тиіс. Мәселен, 2008 жылдың күзінде экономикадағы дағдарыс көріністерін жойып, жағдайды тұрақтандыру кезеңінде кепілдік берілген өтемнің сомасы 700 мың теңгеден бірден 5 миллион теңгеге дейін көтерілген болатын. Ал 2011 жылдың соңында ел Үкіметі кепілдік берілген өтемнің ең жоғары шеткі сомасын тұрақты негізде бес миллион теңге деңгейінде қалдыру жөнінде шешім қабылдады.

3. Банк клиенті өз депозитін сақтандыру үшін банкпен немесе Депозиттерге кепілдік беру қорымен қосымша келісім - шарт жасасуы керек пе?

“Жоқ, керекі жоқ. Салымшы бар болғаны тек банкті таңдап, сол банкпен банктік салым жөніндегі келісімге қол қоюы керек немесе ағымдағы шот, не карталық шот ашуы керек. Мемлекеттік кепілдік депозиттердің барлық түрлеріне беріледі. Сон-

дай-ақ, мұндай кепілдік жеке тұлғалардың банктердегі шоттарындағы барлық қалдық ақшаларына да автоматты түрде беріледі.

4. Егер салымшының бір банкте бір немесе бірнеше депозиті болса, әрі олардың қосынды сомасы бес миллион теңгеден асып кеткен жағдайда қандай кепілдік беріледі?

- Банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда қор салымшыға сол банктегі барлық депозиттері мен өзге де шоттары бойынша, оның ішінде қосымша жарналары мен шотқа салынған сыйақыларын қоса санаған жағдайда ортақ сома бойынша салымдарын бес миллион теңгеге дейін өтейді. Кепілдік берілген өтемнің ең жоғары шеткі сомасы - бір са-лымшының бір банктегі барша салымдарына ортақ беріледі.

5. Қор депозит бойынша есептелген сыйақыны тек оның капитализацияланған жағдайында ғана өтейтіні рас па?

- Заңға сәйкес, қор депозит бойынша есептелген сыйақыны өт-

емейді. Ал сыйақыны капитализациялау дегеніміз - бұл берілген сыйақыны депозит бойынша негізгі сомаға аудару. Салымшылар банк салымы туралы келісімшартты мұқият зерделеп шығуы керек: егер келісімшарт бойынша сыйақы капитализацияланатын болса, онда салымшы банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда капитализацияланған сыйақының өтелуін талап ете алады.

6. Банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда салымшыға ақшасы қандай мерзім ішінде қайтарылады?

- Банктің мәжбүрлі түрде таратылу жөніндегі сот шешімі өз күшіне енгеннен кейінгі 14 күннің ішінде қор республикалық БАҚ-тар арқылы төлем жасайтын агент - банкті атап, төлемдердің басталатыны туралы хабарландыру береді. Содан кейін салымшылар бірден сол банкке хабарласып, 5 миллион теңгеге дейінгі кепілді түрде өтелетін ақшасын ала алады.

7. Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесі

әлемдік стандарттарға сәйкес келе ме?

- Биыл қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесіне 15 жыл толады. Халықаралық сарапшылар Қазақстанның бұл саладағы жетістіктерін жоғары бағалайды. 2013 жылы Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы өткізген Ортақ жиналыста “Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры” АҚ депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамытқаны үшін аса беделді халықаралық марапатқа ие болды. Қаржы әлеміндегі жаңа қауіп-қатерлерге төтеп беру үшін Қазақстандағы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің үнемі жетіліп отыруы маңызды.

Мария ИБРАЕВА

P.S. Қор жұмысы туралы толығырақ білгіңіз келсе www.kdif.kz сайтына көруге немесе 8 800 080 10 20 телефон нөмірі арқылы “шұғыл желіге” хабарласуға болады. Бұл желі тұрақты жұмыс істейді. Қазақстан бойынша қалалық телефондардан қоңырау шалу-тегің.

Заң және біз Авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу



Авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі зияткерлік меншік комитет құқығы бойынша Қазақстан Республикасының 1996 ж. 10 маусымнан «Авторлық құқық туралы және жаппас құқықтар» (бұдан әрі – заң) және 2002 ж. 18 наурыздағы «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының заңымен жүзеге асырылады:

Мемлекеттік тіркеуге заңының 7-ші бабына сәйкес қабылданады:

- 1) әдеби шығармалар
- 2) драма және музыкалық - драма шығармалары
- 3) сценарилік шығармалар
- 4) хореографияның шығармасы және пантомима
- 5) мәтінмен немесе мәтінсіз музыкалық шығармалар
- 6) дыбыс және көретін шығармалар
- 7) кескіндеме, мүсіннің шығармасы, бейнелеу өнерінің тағы басқа шығармалардың кестелері
- 8) қолданбалы көркемөнердің шығармасы
- 9) архитектура, қала құрылысының шығармасы және өнер бақша-парктің
- 10) фотографиялық шығармалар және фотосуретке ұқсас тәсілдермен алынған шығармалар
- 11) карталар, жоспарлар, эскиздер, көркемдеу географияға, топографияға және басқа ғылымдарға жататын үш өлшемді шығармалар
- 12) электрондық есептеуіш машинасы үшін бағдарлама (бұдан әрі – ЭЕМ)

13) басқа шығармалар.

Одан басқа, қабылдайды:

(аудармалар, өңдеулер, түсініктемелер, рефераттар, қорытынды, шолулар, жасағансу, ғылым, әдебиеттің шығармаларын тағы басқа өңдеудің музыкалық аранжирлаулары және өнер) шығарманың туындылары.

(энциклопедия, антология, дерекқор) жинақ және таңдап алу бойымен өзімен таныстыратын басқа құрама шығармалар және (немесе) шығармашылық еңбектің нәтижесінің материалдарын орналастырылу.

Мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі – мемлекеттік тіркеу) авторлық құқық (УЗ) автордың мәлімдемесін алудың күнінен (жиырма) ағымында 20 жұмыс күндерінің (УЗ) авторы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі зияткерлік меншік комитет құқығы бойынша мәлімдеме негізінде өндіруге қорғалатын шығармада дұрыс айтады және (леялар) құқық иегері. Егер шығарма фамилия көрсету керек туынды болса, пайдаланылған шығарманы (құқық иегері) автордың есім, әкесінің аты. Шығармаларға мемлекеттік тіркеудің растауы болып мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің беруін көрін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі зияткерлік меншік комитеттің төрағаларына құқық бойынша қол қойған авторлық құқық объектісіне дұрыс айтады, немесе бетпен, онысы уақытша міндетін атқарушы және тіркеудің мемлекеттік тізіліміне елтанбалық мөр және енгізу сендірілетін хабар-ошарлары авторлық құқықтары қорғалатын объектілерге дұрыс айтады. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік авторлық құқық объектісіне авторлық құқықтың болуы мерзіміне немесе авторлық шарт қимыл-қозғалыс мерзіміне беріледі.



Ауыл шаруашылығы

Асыл тұқымды ІҚМ бастарына аукцион өткізіледі

Қостанай облысында асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры ІҚМ бастарын сату бойынша аукцион өткізіледі. Қазақстандық мал шаруашылығы қожалықтарына жоғары өнімді сапалары бар қазақтың ақбасты асыл тұқымды бұқалары ұсынылады. Саудаға 55 бас – «Элита», «Элита рекорд» өндірушілері қойылады. Бұқалар дала жайылымдары жағдайына бейімделген, мықты дене құрылымы мен тез жетілу, сонымен қатар жақсы тұқымдану қабілетімен ерекшеленеді.

Аукцион 2014 жылдың 5 мамырында Қостанай облысы Жетіқара ауданы, Приречное ауылында өткізіледі, мұндай шара «Приречное-Агро» шаруашылығы мен қазақтың ақбас тұқымының Республикалық Палатасы және «Мал шаруашылығы мен ветеринария ғылыми-инновациялық орталығы» ЖШС ұйымдастыруымен өтеді. Саудасаттық «ҚазАгро» Ұлттық холдингі құрамындағы «Қазагро-маркетинг» АҚ-ның қолдауымен жүргізіледі. Мамандардың айтуынша аукционға

ұсынылған ІҚМ жеке өнімділігі бойынша ет тұқымды бұқаларды Бағалау станциясында ультратыбысты сканерлеу арқылы бағаланды. Аукцион барысында шара қатысушылары бүгінгі күні мал шаруашылығында қолданылатын технологиялық жаңалықтармен танысады, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары көрмесін тамашалап, республиканың басқа өңірлерінен келген әріптестерімен қызметтік кездесулер өткізеді. Байланыс телефондары: +7(71435) 76-4-14, +7(71435)76-3-25, моб. + 7 701-533-08-06

Анықтама:

«Қазагро-маркетинг» АҚ-ның миссиясы ауыл-шаруашылық тауарлары мен қызметтерін дамытудың нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады. Ол үшін компания өзінің ауылдық кеңес беру орталықтары арқылы қазіргі заманғы ең озық ақпараттық технологияларды пайдаланып шаруалардың ақпаратқа деген қолжетімділігін арттыруда. «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың инвестициялық активтерін тиімді басқару жолымен агроөнеркәсіптік көшенді дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады. Холдинг құрамына «Азық түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ, «Қаз-АгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ, «ҚазагроӨнім» АҚ, «Қаз-Агрогарант» АҚ, «ҚазАгро-маркетинг» АҚ кіреді.

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ баспасөз қызметі



ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫ ТОЛТЫРУ ҚАРЖЫЛАРЫ

/ 2013жыл / "Нұр Отан" Партиясының сайлауалды платформасы

2013 жылдың қорытындысы

бойынша ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫ

ЖАЛПЫ ҚАРЖЫЛАРЫ

БАҒА БОЙЫНША

84,6

млрд. долларын құрады

/ ІЖО-НІҢ 38,4% /



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

“ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ

2014-2016 ЖЫЛДАРҒА

АРНАЛҒАН КЕПІЛДІ

ТРАНСФЕРТІ” ТУРАЛЫ

ЗАҢЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

✓ БЮДЖЕТТІ ТҰРАҚТЫ ТАБЫС
КӨЗІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

✓ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ
МЕН ЭКОНОМИКАДАҒЫ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА
БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТ
ШЫҒЫНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ

ИНИЦИАТИВАСЫМЕН

2014-2015 ЖЫЛДАРЫ

ЕЛДІҢ ІСКЕР ТҰРҒЫНДАРЫНА

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҮШІН

1 триллион теңге бөлінді

✓ ШОБ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
/ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
БИЗНЕСІ / ӨНДЕУШІ
ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУҒА
БАҒЫТТАЛҒАН
ЖЕҢІЛДЕЛІГЕН НЕСИЕ

✓ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫН
БАСЫНЫН БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ



✓ БАНК СЕКТОРЫҢ ЕКІНШІ
ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ
“ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН”
КРЕДИТТЕРІН САТЫП
АЛУ АРҚЫЛЫ САУЫҚТЫРУ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ
БЕКІТІЛГЕН ЖАҢА ТІЗІМІ

647 АДАМ ТІРШІЛІГІНІҢ
АЛУАН САЛАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

631 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
СТАНДАРТТАР ЖОБАСЫ



390 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ СТАНДАРТЫ

» ЖАҢА ТІЗІМ ШЕҢБЕРІНДЕ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ